

**«М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Қаратау тау-кен технологиялық колледжі**



**Қаратау тау-кен технологиялық колледжінің өзін-өзі бағалау
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Қаратау қаласы

«27» қаңтар 2023 жыл

МАЗМҰНЫ

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы	3
2. Кадрлық құрамға талдау	5
3. Білім алушылар контингенті	11
4. Оқу-әдістемелік жұмыс	15
5. Оқу-материалдық активтер	34
6. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор	35
7. Білім алушылардың білімін бағалау	35
8. Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы	38
9. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары	40
10. Қорытындылар мен ұсыныстар	41

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы:

1) Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы):

Колледждің толық атауы: «М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Қаратау тау-кен технологиялық колледжі. Қаратау тау-кен технологиялық колледжі «М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Колледж заңды тұлға болып табылмайды. Банктерде дербес балансы, есеп айырысу және өзге де шоттары, бланкілері, эмблемасы және өз атауы бар басқа да қажетті деректемелері жоқ. Колледждің заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 080000, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Сулейменов көшесі, ғимарат7. Нақты орналасқан мекен-жайы: 080800, Жамбыл облысы, Қаратау қаласы, Т.Рыскулов көшесі, №12.

2) Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, web-сайт):Тел.: 8(72644) 6-12-50, 6-12-12, E-mail: kmtgol@mail.ru, web-сайт: info@dulaty.rz.

3) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер):

«М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы – Ректор Байжуманов Мухтар Казбекович. Колледж директоры Джарылқапов Манап Мейрамбаевич. Тел.: 8(72644) 6-12-50, сот.: 87775399075, 87023267369

4) Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар:

«Коммерциялық емес ұйымдар туралы» 2001 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны біріктіру және қайта құру жолымен «М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы болып қайта құрылды.«М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы заңды тұлға ретінде 2020 жылғы 16 маусымда мемлекеттік тіркеуден өтті.

Колледж өз қызметінде ҚР Білім және ғылым Министрлігінің нормативті-құқықтық және өкімдік құжаттарын, ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының 14.08.2012ж. №781 бұйрығымен бекітілген университет Жарғысын (заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 10.09.2012 ж. №801-1919-01-МК куәлігі) және университет ректоры бекіткен колледж Ережесін (23.11.2017ж.) басшылыққа алады.

5) Рұқсат етуші құжаттар:

«М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамына 27.07.2020 жылы білім беру қызметімен айналысу үшін берілген №KZ19LAA00018483 лицензиясының техникалық және кәсіптік білім беруге арналған 13 мамандықтың 15 біліктілігіне қосымшалар берілген (2021 жылғы 6 сәуір №033-047).

Кесте 1

Қаратау тау-кен технологиялық колледжінде оқытылатын мамандықтар

р/с	Мамандық атауы	Біліктілік атауы
1	04130100 - Менеджмент (қолдану салалары бойынша)	4S04130101- Менеджер
2	06130100 - Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	4S06130105 - Ақпараттық жүйелер технигі
3	07110100 - Химиялық технология және өндіріс (түрлері бойынша)	4S07110102 - Техник-технолог (түрлері бойынша)
4	07120200 - Экологиялық қондырғыларды пайдалану және қызмет көрсету	4S07120202 - Техник-технолог
		3W07120201-Шаң-газ ұстайтын қондырғыларға қызмет көрсету операторы
5	07130200 - Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)	4S07130202 -Техник-электрик
6	07130700 - Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану(түрлері және салалары бойынша)	4S07130704 Техник-электромеханик
7	07140100 -Технологиялық процесстерді автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)	4S07140102 -Техник-электромеханик
		3W07140101-Бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматикаға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь
8	07151100 – Машиналар мен жабдықтарды пайдалану (өнеркәсіп салалары бойынша)	4S07151102 - Техник-механик
9	07161300 - Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	3W07161302 - Автомобиль электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электрик
10	07240300 - Пайдалы қазбалар кен орындарын ашық қазу	4S07240303 -Техник-технолог
11	07240500 - Пайдалы қазбаларды байыту (кен байыту)	4S07240503 -Техник-технолог
12	07240900 - Мұнай және газ кен орындарын пайдалану	4S07240902 -Техник-технолог
13	07321100 - Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің инженерлік жүйелерін монтаждау және пайдалану	4S07321103 - Инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану технигі

2.Кадрлық құрамға талдау:

Білім беру ұйымының педагогтермен жасақталуы:

1) тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер (қосымша 2.1, 2.2.):

2020-2021 оқу жылында оқытушылар құрамының барлық саны - 23. Барлық 23 оқытушының базалық білімі бар, жоғары білімді.

2021-2022 оқу жылында оқытушылар құрамының жалпы саны - 18. Барлық 18 оқытушының базалық білімі бар, жоғары білімді.

2022-2023 оқу жылында оқытушылар құрамының жалпы саны - 27. Барлық 27 оқытушының базалық білімі бар, жоғары білімді.

Педагогтердің базалық білімі сабақ беретін бейініне сәйкес келеді.

2) лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын педагогтер мен өндірістік оқыту шеберлері туралы мәліметтер (қосымша 2.1, 2.2.):

2020-2021 оқу жылында оқытушылар құрамының барлық саны - 23. Оның 13-і арнайы пән бойынша, 10-ы жалпы білім беру пәндерінен сабақ жүргізеді. Барлық 23 оқытушының 14-і штаттық, 4-і қосымша, 5-і қоса атқарушылықпен жұмыс атқарады. Өндірістік оқыту шебері – 0,5 еңбек ақы мөлшерінде арнайы пән оқытушысына қосымша жүктемемен жүктелген. Магистр дәрежесі 5 оқытушыда бар, т.ғ.к., доцент, профессор - 1. Педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын педагогтар мен өндірістік оқыту шеберлерінің - 78 % құрайды.

2021-2022 оқу жылында оқытушылар құрамының жалпы саны - 18. Оның 10-ы арнайы пән бойынша, 8-і жалпы білім беру пәндерінен сабақ жүргізеді. Барлық 18 оқытушының 11-і штаттық, 4-і қосымша, 3-і қоса атқарушылықпен жұмыс атқарады. Өндірістік оқыту шебері жоқ. Магистр дәрежесі 5 оқытушыда бар. Педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын педагогтар мен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі- 83 % құрайды.

2022-2023 оқу жылында оқытушылар құрамының жалпы саны - 27. Оның 9-ы арнайы пән бойынша, 18-і жалпы білім беру пәндерінен сабақ жүргізеді. Оның 15-і штаттық, 8-і қосымша, 4-і қоса атқарушылықпен жұмыс атқарады. Өндірістік оқыту шебері жоқ. Осы оқу жылында қосымша қызмет атқаратын 8 оқытушының 4-і колледждің әкімшілік қызметкерлері және қалған 4-і университеттің оқытушылары (қосымша 2.2). Биылғы оқу жылында 8 оқытушыда магистр дәрежесі бар. Педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын педагогтар мен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі- 85 % құрайды.

Кесте 2

Жыл бойынша педагог қызметкерлердің кадрлық әлеуетінің талдау деректері

р/с	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы
1	Оқытушылар құрамының саны	Саны	18	15	23

2	Оның ішінде: жоғары және бірінші санаттағы	Саны	11	8	7
3	Базалықбіліміжоқоқытушылардыңүлесі	%	0	0	0
4	Мемлекеттіктілдесабақжүргізетіноқытушылардыңүлесі	%	100	100	100

Кесте 3

Оқытушылар құрамын еңбек өтілі бойынша талдау

№	Педагогикалық өтілі	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы
1	5 жылға дейін	4/ 21 %	4/27 %	4/17%
2	6 жылдан 10 жылға дейін	1/ 5 %	-	1/0,5 %
3	11жылдан 15жылға дейін	4/ 21 %	4/27 %	4/ 17%
4	16 жылдан жоғары	10/ 56 %	7/47 %	14/61 %

Кесте 4

Жас бойынша оқытушылар құрамын талдау

№	Жасы	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы
1	30 жасқа дейін	4/21 %	4/27 %	5/ 22 %
2	31-ден 40-қа дейін	4/21 %	2/13%	5/ 22 %
3	41-ден 50-ге дейін	3/16 %	5/33%	7/30 %
4	51-ден 60-қа дейін	4/21 %	2/13%	2/ 9 %
5	61 және одан жоғары	3/16 %	2/13%	4/17 %

3) мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткені туралы мәліметтер:

Колледж басшыларының және оқытушыларының біліктілік санатының деңгейін жоғарылату/растау жұмыстары«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығының негізінде жүргізіледі.

Кесте 5

Қаратау тау-кен технологиялық колледжі басшыларының соңғы3 оқу жылында аттестаттаудан өткені туралы мәлімет

р/с	Қызметі	Аттестаттаудан өту мерзімі	Аттестаттаудан	Қызмет өтілі
-----	---------	----------------------------	----------------	--------------

		жоспар	нақты	өткен	өтпеген	
1	Директор	2020	2020	-	+	5 жыл
2	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	2021	2021	-	+	5 жыл
3	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	2024	-	-	-	2 жыл

Колледж әкімшілігі барлығы – 3 (колледж директоры М.Джарылқапов, директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары – С.Бижуманова, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – А.Орымбек). Кесте мәліметтері бойынша соңғы 3 оқу жылында колледж басшылары аттестаттаудан өтпеген. 2020 жылы колледж директоры М.Джарылқапов ұлттық біліктілік тестін тапсырып, тестілеу нәтижесі шекті деңгейден төмен болғандықтан аттестатталмады. 2021 жылы директордың оқу жұмыстары жөніндегі орынбасары С.Бижуманова екінші санатты басшының орынбасары біліктілік санатына өтініш беріп, жинаған портфолио материалдары белгіленген деңгейге сай келмеуіне байланысты аттестатталмады. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Орымбек қызметтік өтілі 2 жыл, біліктілік санатын жоғарлату 2024 жылға жоспарланған.

4) кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін жоғарылату/растау туралы, оның ішінде магистр дәрежесі, философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі бар педагогтер туралы мәліметтер (қосымша 2.4.):

Кесте 6

Қаратау тау-кен технологиялық колледжі педагогтерінің соңғы 3 оқу жылындағы біліктілік санаттары туралы мәлімет

№	Оқу жылдары	Инженер-педагогтердің жалпы саны	Екінші категория/педагог-модератор	Бірінші категория/педагог-сарапшы	Жоғары категория/педагог-зерттеуші	Профессор	Магистр	Біліктілігін растаған және соның ішінде ғылыми дәрежелері бар оқытушылар саны
1	2020-2021	23	1/-	4/-	8/-	1	5	16
2	2021-2022	18	1/2	3/-	8/-	-	5	14
3	2022-2023	27	- /2	1/-	8/1	-	8	12

Кесте 7

Соңғы 3 оқу жылында біліктілік санаттарын жоғарылатқан/растаған педагогтер туралы мәлімет

№	Оқу жылдары	Өтініш бергендер саны	Екінші категория/ педагог-модератор	Бірінші категория/ педагог-сарапшы	Жоғары категория/ педагог-зерттеуші	Жоғары категория/ педагог-шебер	Біліктілік санаттарына алынған саны	Біліктілік санаттарына алынған үлесі
1	2018-2019	6	-	3/-	3/-	-	6	100
2	2019-2020	5	-	1/-	4/-	-	5	100
3	2020-2021	6	-/2	-	-	-	2	40
4	2021-2022	4	-	-	-/1	-	1	25
5	2022-2023	5	-	-	-	-	-	жоспар
	Барлығы	25	2	4	8	-	14	

2018-2022 жылдар аралығында өтініш берген оқытушылар саны – 25, біліктілік санаттарын 13 оқытушы жоғарылатып/растаған. Жаңартылған форматта ұлттық біліктілік тестін тапсыру кезінде шекті деңгейге балдары жетпей 3 оқытушы аттестацияланбады.

2020-2021 оқу жылында 6 оқытушы жаңартылған форматта ұлттық біліктілік тестін тапсырып, 2 оқытушы ғана шекті деңгейге жеткен.

2021-2022 оқу жылында 4 оқытушы ұлттық біліктілік тестін тапсырып, шекті деңгейге жетпеген.

2022-2023 оқу жылында 5 оқытушы (Б.Аханов, Д.Әлсеитов, М.Жұмадилдаева, Ш.Есиркепова, Н.Алтаев) өтініштерін жазып, алдағы уақытта тесттен өтеді.

Аттестаттаудан өтуге жатпайдан оқытушылар:

- педагогикалық өтілі 0-3 жыл құрайтын жас оқытушылардың саны:

- 2020-2021 оқу жылы – 4 оқытушы (Б.Аханов, Д.Әлсеитов,

А.Кеңесбек, К.Сахи),

- 2021-2022 оқу жылы – 3 оқытушы (Б.Аханов, Д.Әлсеитов,

М.Кокушева),

- 2022-2023 оқу жылы – 3 оқытушы (Н.Бекниязов, Ж.Орманбекова,

Ж.Ургеншибаева);

- ғылыми атағы бар: 2020-2021 оқу жылында – 1 оқытушы, профессор М.Адырбеков;

- зейнет жасында: 2022-2023 оқу жылында - 1 оқытушы, колледжге осы оқу жылында қабылданған Ағылшын тілі пәнінің оқытушысы Р.Торгаева.

Кесте 8

Қаратау тау-кен технологиялық колледжі педагогтерінің соңғы 3 оқу жылындағы біліктілік санаттарын талдау

р/с	Оқу жылы	Оқытушылардың саны		Аттестаттау мерзімі өтпеген оқытушылар	Өтініш бергендер саны	Категориясы жоқ, аттестаттауға жатпайтын оқытушылар				Біліктілік санатын жоғарлатудың үлесі
		Жалпы саны	Штат			Профессор ғылыми дәрежесі бар	Пед өтілі 0-3 жыл жас мамандар	Зейнет жасында	Жалпы саны	
1	2020-2021	23	18	11	5	1	4	-	5	89

2	2021-2022	18	15	11	4	-	3	-	3	93
3	2022-2023	27	19	9	5	-	3	1	4	95

Жоспар бойынша аттестаттауға жататын колледж оқытушыларының соңғы 3 жылда біліктілік санатын жоғарлатудың үлесі: 2020-2021 оқу жылы – 89 %, 2021-2022 оқу жылы – 93%.

5) кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер(қосымша 2.5.):

Колледж оқытушыларының біліктілігін арттыру курстарына жіберу жұмыстары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығымен бекітілген «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларына» сәйкес жүргізіледі.

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру жұмысының жоспары бекітіліп, жоспарға сай жұмыстар жүргізілді.

Кесте 9

Қаратау тау-кен технологиялық колледжі педагогтерінің соңғы 3 оқу жылында біліктілікті арттыру курстарынан өту туралы мәлімет
(қыркүйек-тамыз аралығы)

№	Оқу жылдары	Колледж директорлары	Колледж директорларының орынбасарлары	Біліктілікті арттыру курстары						
				«Талап» КЕАҚ	«НИШ» ДББҰ	«Өрлеу» БАҰО	М.Х.Дулаги БЖО	Т.б. курстар	Өтпегендер саны	Курстан өткендердің үлесі, %
1	2020-2021	1	2	2	-	1	-	2	-	100
2	2021-2022	1	2	-	-	1	-	3	-	100
3	2022-2023	1	2	3	-	-	1	3	-	100

№	Оқу жылдары	Инженер-педагогтердің жалпы саны	Оның ішінде			«Талап» КЕАҚ	«НИШ» ДББҰ	«Өрлеу» БАҰО	М.Х.ДулагиБЖО	Т.б. курстар	Өтпегендер саны	Курстан өткендердің үлесі, %
			Жалпы пән оқытушылары	Арнайы пән оқытушылары	Өндірістік оқыту шебері							
1	2020-2021	23	5	9	1	17	1	2	-	5	-	100
2	2021-2022	18	8	10	-	-	-	13	-	15	-	100
3	2022-2023	27	18	9	-	21	-	-	3	20	-	100

Колледжбасшылары мен оқытушыларының біліктілік арттыру курстарынан өтуінің соңғы үш жыл бойынша мәліметтері: 2020-2021 оқу жылында 23 оқытушы – барлығы 25 курстан өткен, 2021-2022 оқу жылында

18 оқытушы – барлығы 28 курстан өткен, 2022-2023 оқу жылында 27 оқытушы – барлығы 44 курстан өтті. Жалпы колледж бойынша курстанөткен оқытушылардың үлесі соңғы үш оқу жылында да 100 % құрайды.

б) ұйымдарда және/немесе өндірісте тағылымдамадан өткен арнайы пәндер педагогтары мен өндірістік оқыту шеберлері туралы мәліметтер(қосымша 2.6.):

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығымен бекітілген «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларына» сәйкес тағылымдамадан өту 3 жылда бір рет 72 сағат көлемінде қарастырылған, осыған орай 2020-2023 жылдар аралығында колледждің арнайы пән оқытушыларынатағылымдамадан өту мерзімі 2022-2023 оқу жылына жоспарланды.

2022-2023 оқу жылы колледждің арнайы пән оқытушыларының өндірістен қол үзбей тағылымдамадан өту жоспары бекітілген. Жоспарға сай 10 арнайы пән оқытушысы өтті. Оқытушылардың тағылымдамасы өзінің кәсіптік қызметіне сай, озық тәжірибені зерделеуге, сондай-ақ біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламаларын игеру кезінде алынған кәсіптік білімді, дағдыларды бекітуге бағытталған. Таңдаған тақырып бойынша әр оқытушы 72 сағат көлемінде тағылымдама жоспарын құрастырып, ЦӘК отырысында талқыланып, бекітілді. Тағылымдама өту мерзімі 2022 жылдың желтоқсан айына жоспарланған.

Кесте 10

2022-2023 оқу жылындағы Қаратау тау-кен технологиялық колледжінің арнайы пән оқытушыларының өндірістен қол үзбей тағылымдамадан өткені туралы мәлімет

р/с	Оқытушының аты-жөні	Мекеме	Мерзімі	Сағат
1	Джарылқапов Манап Мейрамбаевич.	«Талас аудандық электр жүйесі» ЖШС	Желтоқсан 2022 ж	72
2	Орымбек Айгүл Орымбекқызы	«Талас аудандық электр жүйесі» ЖШС	Желтоқсан 2022 ж	72
3	Бижуманова Сауле Алпысбаевна	«Талас ауданы әкімдігінің «Игілік» көпсалалы кәсіпорны» ШЖҚ КМК	Желтоқсан 2022 ж	72
4	Шапазылова Ақбөпе Ғабитқызы	«Талас ауданы әкімдігінің «Игілік» көпсалалы кәсіпорны» ШЖҚ КМК	Желтоқсан 2022 ж	72
5	Кабылбекова Зауре Орынбековна	«Талас ауданы әкімдігінің «Игілік» көпсалалы кәсіпорны» ШЖҚ КМК	Желтоқсан 2022 ж	72
6	Аханов Болат Пернебекұлы	«Талас ауданы әкімдігінің «Игілік» көпсалалы кәсіпорны» ШЖҚ КМК	Желтоқсан 2022 ж	72
7	Жумадилдаева Майра Базарбаевна	«Құрылыс - Жанар» ЖШС	Желтоқсан 2022 ж	72
8	Әлсеитов Данияр Әбілғазыұлы	«Құрылыс - Жанар» ЖШС	Желтоқсан 2022 ж	72
9	Смағұл Ару	«Казфосфат» ЖШС ТБ және ЗЖ	Желтоқсан	72

	Асылбекқызы	бөлімі	2022 ж	
1	Ургеншибаева	«Казфосфат» ЖШС ТБ және ЗЖ	Желтоқсан	72
0	Жайна Глекабуловна	бөлімі	2022 ж	

Кесте 11

Соңғы үш оқу жылында колледждің арнайы пән оқытушыларының өндірістен қол үзбей тағылымдамадан өткенін талдау

p/c	Оқу жылдары	Тағылымдамадан өткен оқытушылар		Арнайы пән оқытушыларының саны	Тағылымдамадан өткендердің үлесі, %
		жоспар	нақты		
1	2020-2021	-	-	10	-
2	2021-2022	-	-	10	-
3	2022-2023	10	10	9	100

Кесте мәліметтерене сүйенсек, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында арнайы пән оқытушыларының тағылымдамадан өтуі жоспарланбаған, тек 2022-2023 оқу жылына жоспарланған. Бекітілген тізім бойынша оқытушы – 10 (9- арнайы пән, 1- жалпы білім беру пәндері оқытушысы), нақты өткені 10, тағылымдамадан өту үлесі 100 % құрайды.

3. Білім алушылар контингенті:

Білім алушылар контингентінің сандық құрамы:

1) оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер:

2020-2021 оқу жылының басында күндізгі бөлімде 5 мамандық бойынша 137 студент, оның ішінде 100 студент мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша, ал 37 студент келісім-шарт негізінде оқыды және сыртқы бөлімде 8 мамандық бойынша 56 студент білім алды.

Кесте 12

2020-2021 оқу жылындағы күндізгі оқу бөлімінің мамандық бойынша контингенті

№	Мамандықтар	Негізгі орта білім базасы негізінде	Жалпы орта білім базасы негізінде	Барлығы
1	0816043 – Химиялық технология және өндіріс (түрлері бойынша)	-	26	26
2	0706000 - Пайдалы қазбаларды ашық түрде қазу	25	2	27
3	1231000 - Экологиялық қондырғыларды пайдалану және қызмет көрсету	28	-	28
4	0709000 - Пайдалы қазбаларды байыту (кенді өндеу)	46	1	47
5	1305000- Автоматтандыру және басқару (қолдану облысы бойынша)	9	-	9
	Барлығы /контингент/	108	29	137

Кесте 13

2020-2021 оқу жылындағы колледж студенттерінің курс бойынша
контингенті

№	9-11 сынып базасында	Курстарда барлық оқып жүргендер	1 курс	2 курс	3 курс	4 курс	Бітіріп шығатындар
	Күндізгі бөлім						
1	9 сынып базасында	109	30	53	7	19	19
1.1	оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша	75	25	50	0	0	0
1.2	ақылы білім алушылар	34	5	3	7	19	19
2	11 сынып базасында	28	0	28	0	0	0
2.1	оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша	25	0	25	0	0	0
2.2	ақылы білім алушылар	3	0	3	0	0	0
	барлығы күндізгі	137	30	81	7	19	19
3	Сыртқы бөлім						
3.1	11 сынып базасында	56	0	11	12	33	33
	барлығы сырттай	56	0	11	12	33	33
	Жалпы контингент	193	30	92	19	52	52

2021-2022 оқу жылының басында күндізгі бөлімде 5 мамандық бойынша 158 студент, оның ішінде 132 студент мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша, ал 26 студент келісім-шарт негізінде оқиды және сыртқы бөлімге 4 мамандық бойынша 23 студент білім алды.

Кесте 14

2021-2022 оқу жылының басындағы күндізгі оқу бөлімінің мамандық
бойынша контингенті

№	Мамандықтар	Негізгі орта білім базасы негізінде	Жалпы орта білім базасы негізінде	Барлығы
1	0816043, 07110100 – Химиялық технология және өндіріс (түрлері бойынша)	20	24	44
2	0706000 - Пайдалы қазбаларды ашық түрде қазу	25	-	25
3	1231000 - Экологиялық қондырғыларды пайдалану және қызмет көрсету	26	-	26
4	0709000 - Пайдалы қазбаларды байыту (кеңді өңдеу)	35	6	41
5	06130100 - Бағдарламалық қамтамасыз ету	22	-	22

Барлығы /контингент/	128	30	158
----------------------	-----	----	-----

Кесте 15

2021-2022 оқу жылының басындағы колледж студенттерінің курс бойынша контингенті

№	9-11 сынып базасында	Курс бойынша барлығы	1 курс	2 курс	3 курс	4 курс	Болжамды бітірушілер
	Күндізгі бөлім						
1	9 сынып базасында	128	42	30	51	5	5
1.1	оның ішінде мемлекеттік білім тапсырысы бойынша	113	33	25	50	0	0
1.2	ақылы білім алушылар	15	9	5	1	5	0
2	11 сынып базасында	30	0	6	0	0	0
2.1	оның ішінде мемлекеттік білім тапсырысы бойынша	24	0	0	0	0	0
2.2	ақылы білім алушылар	5	0	6	0	0	0
	барлығы күндізгі	158	0	36	0	0	0
3	Сыртқы бөлім						
3.1	11 сынып базасында	23	0	7	8	8	10
	барлығы сырттай	23	0	7	8	8	10
	Жалпы контингент	181	42	43	59	13	15

2022-2023 оқу жылында колледждің жалпы контингенті 330 студентті құрайды. Күндізгі бөліміне 7 мамандық бойынша 287 студент, оның ішінде 279 студент мемлекеттік тапсырыс негізінде білім алады. Сырттай оқу бөлімінде 5 мамандық бойынша 43 студент оқиды. Болжамды бітірушілер саны – 94 студент: оның ішінде күндізгі бөлімде – 71 студент, сыртқы бөлімде – 23 студент.

Кесте 16

Контингент бойынша статистикалық көрсеткіштер

№	Оқыту түрі	2020-2021 01.10.2020ж.	2021-2022 01.10.2021ж.	2022-2023 01.10.2022ж.
1	Күндізгі	137	144	292
2	Соның ішінде мемлекеттік тапсырыс негізінде	100	129	282
3	Сырттай	56	37	40
	Барлығы:	193	181	332

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары колледжде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар жоқ.

2) оқытудың толық кезеңін қамтитын, мамандықтың дайындалатын біліктіліктеріне сәйкес практика базалары ретінде айқындалған шарттардың болуы туралы мәліметтер:

2020-2021 оқу жылының бірінші семестрінде күндізгі бөлімде 7 топ оқып, олардың ішінде 3 топ оқу және өндірістік практикаға жіберілді және өтті. Олар: 2ЭҚПҚ-19 тобы оқу практикасы мен өндірістік оқытудан, 3ПҚБ тобы кәсіби дағдыны қалыптастыру практикасынан және 4ПҚБ тобы мамандық бейіні бойынша практикадан өтті.

2020-2021 оқу жылының екінші семестрінде күндізгі бөлімде 6 топ оқу және өндірістік практикаға жіберілді және өтті.

1. 2ХТӨ-20 тобы: Зертханалық жұмыстар техникасы; Слесарьлық практика; Арнайы технология бойынша практикум.

2. 2ЭҚПҚ-20 тобы: Оқу практикасы; Өндірістік оқыту; Кәсіптік практика.

3. 2ПҚАҚ-20 тобы: Оқу-өндірістік шеберханалардағы практика.

4. 3 ПҚБ-18 тобы: Кәсіптік дағдыны қалыптастыру практикасы.

5. 4 АБ-17 тобы: Диплом алды практикасы.

6. 4ПҚБ – 17 тобы: Біліктілік практикасы.

Колледж студенттері кәсіби және өндірістік практикаларын өту үшін ауданымыз бен облысымыздың мекемелерімен келісім шарттар жасалған. Олардың ішінде маңызды кәсіпорындар: «Казфосфат» ЖШС, «Talas Investment Company» ЖШС, «Жамбыл-Недр» ЖШС, «Жамбыл электр желілері» ЖШС.

Кәсіптік практиканың базасы ретінде колледждегі барлық мамандықтар бойынша кестеде көрсетілген кәсіпорындармен кәсіптік практикадан өту туралы шарттар жасалған.

Кесте 17

Кәсіптік практика базалары

№	Мекеме аты	Келісім шарт жасаған уақыты
1	«Казфосфат» ЖШС	07.11.2019 ж.
2	«Жамбыл Недр» ЖШС	21.01.2020 ж.
3	«Атамекен-Мрамор-Көктал» ЖШС	10.09.2019 ж.
4	«Қаратау-Про» ЖШС	11.09.2019 ж.
5	Талас аудана әкімдігінің «Игілік» көпсалалы коммуналдық мекемесі	15.01.2018 ж.
6	«Азия Бурыл» ЖШС	17.01.2018 ж.
7	«Пырақ-Құрылыс» ЖШС	16.01.2018 ж.
8	«Ланос-2001» ЖШС	18.01.2018 ж.
9	«Тараз-құрылыс Дизайн» ЖШС	17.01.2018 ж.
10	«Талапкер-Құрылыс» ЖШС	16.01.2018 ж.
11	«Талас аудандық электр желілері» ЖШС	20.02.2017 ж.
12	«Talas Investment Company» ЖШС	18.01.2018 ж.
13	«Амангелді ГӨЗ» ЖШС	25.02.2019 ж.
14	«ЕвроХим-Қаратау» ЖШС	28.02.2019 ж.
15	«Полиэтилен - Агро» ЖШС	21.02.2019 ж.

3) мамандық бойынша білім беру ұйымының түлектерін жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту туралы мәліметтер, бұл ретте бітірген жылы ішінде мамандық бойынша түлектердің жалпы санынан жұмысқа орналастырылғандар мен жұмыспен қамтылғандардың үлесі:

Кесте 18

Бітіруші түлектерді жұмыспен қамту

Оқу жылдары	Бітірген түлектер	Жұмыспен орналасқандар	ЖОО-на түскендер	ҚР ҚҚ қатарында	Бала күтімінде	Қайтыс болғандар	Жұмыссыздар	Жұмыспен қамтылғандар, %
2019-2020	13	7	1	2	1	-	2	85
2020-2021	16	9	1	2	-	1	3	87
2021-2022	5	1	0	1	-	-	1	80

4. Оқу-әдістемелік жұмыс:

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің жүргізуі үшін міндетті құжаттар тізбесіне және олардың нысанына, жалпы білім беретін, жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді зерделеу немесе жалпы білім беретін пәндерді, негізгі және кәсіби модульдерді зерделеу жөніндегі техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкес әзірленген және бекітілген оқу жылына арналған жұмыс жоспарының (қызмет бағыттары бойынша) болуы және сәйкестігі;

зертханалық-практикалық сабақтарды орындау; өндірістік оқытудан және кәсіптік практикадан өту; аралық және қорытынды аттестаттауды

тапсыру; егер жұмыс оқу бағдарламалары мен жоспарында өзгеше көзделмесе, курстық және дипломдық (жазбаша немесе практикалық) жұмысты орындау; бакалавриаттың білім беру бағдарламаларының жекелеген модульдерін немесе пәндерін қоса отырып, модульдерге интеграцияланған техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын зерделеу:

М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің Қаратау тау-кен технологиялық колледжінің 2019-2022 жылдарға арналған Даму бағдарламасына сәйкес білім беру жүйесін дамытудың заманауи үрдістерін басшылыққа ала отырып, колледждің миссиясы, мақсаттар мен даму стратегиясы ТЖКБ ұлттық жүйесінің мақсаттары мен міндеттеріне және басымдықтарына сәйкес келеді. Колледждің 2019-2022 жылдарға арналған стратегиялық Даму жоспарында негізгі бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелік көрсеткіштері анықталған.

Колледж миссиясы: қазіргі еңбек нарығының талаптарына жауап беретін, техникалық және кәсіби мамандар даярлау саласында білім беру қызметтерін көрсететін бәсекеге қабілетті оқу орнын құру.

Колледж қызметінің мақсаты - колледж ұсынатын білім беру қызметтері сапасының тұрақты өсуі, еңбек нарығында үстем позицияларды сақтау, қызметкерлер мен серіктестердің мүдделерін ескере отырып, білім беру қызметтеріне тапсырыс берушілердің қажеттіліктері мен күтулерін қанағаттандыру.

Колледждің барлық қызмет бағыттары бойынша 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына арналған жылдық жұмыс жоспарлары әзірленіп, педагогикалық кеңесте талқыланып, бекітілген(Қосымша 4.1.).

Колледждің мазмұны білім беру бағдарламаларымен анықталады және оқыту нәтижелеріне бағдарланады. Колледжде күндізгі оқу бөлімінде 7 мамандық бойынша, ал сырттай оқу бөлімінде 5 мамандық бойынша мамандар дайындалады. Қалған 6 мамандық бойынша соңғы 3-4 жылда күндізгі бөлімге қабылдау жүргізілмеген.

Колледждің күндізгі оқу бөлімінде оқитын мамандықтар әртүрлі оқыту технологиясы бойынша оқытылады:

1. Кредиттік-модульдік оқыту технологиясы бойынша 1-2 курстарда 6 мамандық бойынша 9 топ:

- 06130100 - Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша);
- 07110100 - Химиялық технология және өндіріс (түрлері бойынша);
- 07130700 - Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша);
- 07140100 - Технологиялық процесстерді автоматтандыру және басқару (бейін бойынша);
- 07240300 - Пайдалы қазбалар кен орындарын ашық қазу;
- 07240500 - Пайдалы қазбаларды байыту (кен байыту).

2. Модульдік оқыту технологиясы бойынша 4 курста 1 топ: 1231000 - Экологиялық қондырғыларды пайдалану және қызмет көрсету. Жұмыс оқу

жоспарына сәйкес аталған мамандықты бітірушілер төмендегі 3 біліктілік бойынша диплом алып шығады:

1231012 – Ағын суларды тазалау аппаратшысы;

1231022 – Химиялық су тазарту аппаратшысы;

1231073 – Техник-технолог.

2. Дәстүрлі оқыту технологиясы бойынша 3-4 курстарда 3 мамандық бойынша 3 топ оқытылады:

- 0706000 - Пайдалы қазбаларды ашық түрде қазу;

- 0709000 - Пайдалы қазбаларды байыту (кен байыту);

- 07110100 - Химиялық технология және өндіріс (түрлері бойынша).

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында жалпы білім беретін, жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді (модульдерді) оқыту білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкес келеді (Қосымша 4.3).

«Жалпы білім беру пәндері» модулі бойынша жалпы сағат саны 60 кредит/1440 сағатты құрайды.

Кәсіптік модульдер немесе пәндерді колледжбен дербес айқындалған және қазіргі заманғы талаптарды ескере отырып, біліктілік бойынша еңбек функциялары мен кәсіби міндеттердің мазмұнын көздейді.

Зертханалық-практикалық сабақтар колледж базасындағы зертханалар мен арнайы пән кабинеттерінде және шеберханаларда өткізіледі.

Зертханалық-практикалық сабақтардың мазмұны мен сапасы пәндердің оқу бағдарламасына сай орындалады.

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу әр оқу жылына бекітілген колледждің оқу үрдісінің кестесіне сәйкес өткізіледі.

Колледжде оқу үрдісі «Edu Page» платформасы автоматтандырылған жүйесі арқылы жүргізіледі. Колледж оқытушылары мен студенттер туралы мәліметтер, оқу үрдісінің кестесі, сабақ кестесі, жүргізілетін барлық пәндердің тізімі сайтқа енгізілген. Сайтта электрондық журналға баға қою, үй тапсырмасын салу және студенттермен кері байланыс орнату қызметтері қарастырылған. Аралық аттестаттау емтихандары да «Edu Page» платформасы арқылы жүргізіледі.

2020-2021 оқу жылынан бастан білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі енгізілді. Қазіргі таңда оқу үлгерімі 1-3 курстарда балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша бағаланады, ал 4 курстарда дәстүрлі баға бойынша бағаланады.

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарындағы аралық және қорытынды аттестаттаудың нәтижелері келтірілген.

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына бакалавриаттың білім беру бағдарламаларын оқыту көзделмеген.

2) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары әзірлеген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бар болса), WorldSkills (WorldSkills) кәсіптік стандарттарының (бар болса) талаптары негізінде

жұмыс берушілердің қатысуымен әзірленген білім беру бағдарламаларының болуы(Қосымша 4.2.):

Колледждердің құзыретіне заңнамалық деңгейде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 3 мамырдағы № 118-VII ҚРЗ Заңына сәйкес академиялық дербестік бекітілген. Заңның 43-бабының 2-5-тармағына сәйкес ТЖКОБ ұйымдары білім беру бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді. Яғни, колледждер жұмыс берушілермен бірлесіп Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының (бұдан әрі-МЖМБС), кәсіптік стандарттардың (бар болса), WorldSkills кәсіптік стандарттардың (бар болса) талаптары негізінде білім беру бағдарламаларын әзірлейді.

Білім беру бағдарламасына: паспорт, оқу жұмыс жоспары және оқу жұмыс бағдарламалары кіреді. Академиялық дербестіктің артықшылығы қосымша базалық және кәсіптік модульдерді қосуға рұқсат етіледі.

2020-2021,2021-2022 оқу жылында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бар болса), WorldSkills (WorldSkills) кәсіптік стандарттарының (бар болса) талаптары негізінде жұмыс берушілердің қатысуымен әзірленген білім беру бағдарламалары жоқ.

2022-2023 оқу жылында колледждің күндізгі бөліміне 1 курсқа 6 мамандық бойынша студенттер қабылданды:

1. 06130100 - Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша), біліктілігі 4S06130105 - Ақпараттық жүйелер технигі;
2. 07110100 - Химиялық технология және өндіріс (түрлері бойынша), біліктілігі 4S07110102 - Техник-технолог;
3. 07130700 - Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету,жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша), біліктілігі 4S07130704 – Техник-электромеханик;
4. 07140100 - Технологиялық процестерді автоматтандыру және басқару (бейін бойынша), біліктілігі 3W07140101 – Бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматикаға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь;
5. 07240300 – Пайдалы қазбалар кен орындарын ашық қазу; 4S07240303 – Техник-технолог;
6. 07240500 – Пайдалы қазбаларды байыту (кен байыту); 4S07240503 – Техник-технолог.

ТЖКБ-ның мазмұны білім беру бағдарламаларымен анықталады және оқыту нәтижелеріне бағдарланады. Білім беру бағдарламасына: паспорт, оқу жұмыс жоспары және оқу жұмыс бағдарламалары кіреді. 2022-2023 оқу жылында білім беру бағдарламаларына мынадай базалық модульдерді енгізу көзделеді:

- 1) дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру;
- 2) ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану;

- 3) экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану;
- 4) қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану.

Қосымша базалық модульдерді қосылмаған.

Кәсіптік модульдердің тізбесі мен мазмұнын айқындаған кезде академиялық дербестігін ескере отырып, кәсіптік стандарттар негізінде әзірленген «Talar» КЕАҚ сайтында орналастырылған: kasipkor.kz мамандықтар бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары пайдаланылды.

Міндетті оқытуға бөлінген кредиттердің/сағаттардың жалпы санын сақтай отырып, модульдер немесе пәндер көлемі дербес айқындалды. Әрбір модульдің жалпы көлемі кредиттердің бүтін санын құрайды.

2022-2023 оқу жылына қабылданған мамандықтардың оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» № 130 бұйрығына сәйкес және МЖМБС басшылыққа алып әзірленді.

3) техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 1, 2-қосымшаларына сәйкес техникалық және кәсіптік білім берудің оқу жоспарының үлгілері негізінде әзірленген жұмыс оқу жоспарларының болуы (қосымша 4.3.):

2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында колледжде оқытылатын барлық мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес ҚР Білім және ғылым министрінің №553 бұйрығымен бекітілген Типтік оқу жоспары негізінде ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығымен бекітілген нысанға сәйкес әзірленді.

2020-2021 оқу жылында күндізгі оқу бөліміне негізгі орта білім базасында мемлекеттік тапсырыс негізінде қабылданған 2 топқа жұмыс оқу жоспарлары әзірленді:

0709000 - Пайдалы қазбаларды байыту (кен байыту) мамандығы, 0709183-Техник-технологбіліктілігі;

0816000 - Химиялық технология және өндіріс (түрлері бойынша) мамандығы, 0816043-Техник-технолог біліктілігі.

2020-2021 оқу жылында сырттай оқу бөліміне жалпы орта білім базасында қабылданған 4 топқа жұмыс оқу жоспарлары әзірленді:

0515000 - Менеджмент (салалар бойынша) мамандығы, 0515013-Менеджербіліктілігі;

0816000 - Химиялық технология және өндіріс (түрлері бойынша)мамандығы, 0816043-Техник-технологбіліктілігі;

1302000 - Автоматтандыру және басқару (салалар бойынша)мамандығы, 1302023 - Электромеханикбіліктілігі;

1305000 - Ақпараттық жүйелер (қолдану облысы бойынша), 1305023-Техник-бағдарламашыбіліктілігі.

2021-2022 оқу жылында күндізгі оқу бөліміне мемлекеттік тапсырыс негізінде қабылданды 2 топқа жұмыс оқу жоспарлары әзірленді:

06130100 - Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) мамандығы, 4S06130105 - Ақпараттық жүйелер технигі біліктілігі;

07110100 - Химиялық технология және өндіріс (түрлері бойынша)4S07110102 - Техник-технолог (түрлері бойынша) мамандығы,4S07110102 - Техник-технолог (түрлері бойынша) біліктілігі.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын есепке алудың бірыңғай ақпараттық жүйесін қалыптастыру үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының тізілімі (бұдан әрі – ББ тізілімі) әзірленді. 2021-2022 оқу жылында ББ паспорттары колледждің әдістемелік кеңесінің шешімі негізінде ББ тізілімінің порталында «Талар» КЕАҚ сайтында: kasipkor.kz орналастырылды. Тізілімде орналастыру ББ тізілімінің порталында ББ паспорттын толтыру жолымен жүзеге асырылады.

2021-2022 оқу жылында сырттай оқу бөліміне жалпы орта білім базасында мемлекеттік тапсырыс негізінде қабылданған 2 топқа жұмыс оқу жоспарлары әзірленді:

06130100 - Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) мамандығы, 4S06130105 - Ақпараттық жүйелер технигі біліктілігі;

07110100 - Химиялық технология және өндіріс (түрлері бойынша)4S07110102 - Техник-технолог (түрлері бойынша) мамандығы,4S07110102 - Техник-технолог (түрлері бойынша) біліктілігі.

2022-2023 оқу жылында оқытылатын мамандықтар бойынша білім беру бағдарламалары ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде әзірленді.

2022-2023 оқу жылында күндізгі оқу бөліміне негізгі орта білім базасында мемлекеттік тапсырыс негізінде қабылданған 7 топқа 6 мамандық бойынша білім беру бағдарламалары әзірленіп, бекітілді:

1. 06130100 - Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша), біліктілігі 4S06130105 - Ақпараттық жүйелер технигі;

2. 07110100 - Химиялық технология және өндіріс (түрлері бойынша), біліктілігі 4S07110102 - Техник-технолог;

3. 07130700 - Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету,жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша), біліктілігі 4S07130704 - Техник-электромеханик;

4. 07140100 - Технологиялық процестерді автоматтандыру және басқару (бейін бойынша), біліктілігі 3W07140101 – Бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматикаға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь;

5. 07240300 - Пайдалы қазбалар кен орындарын ашық қазу; 4S07240303 - Техник-технолог;

6. 07240500 - Пайдалы қазбаларды байыту (кен байыту); 4S07240503 – Техник-технолог.

2022-2023 оқу жылында сырттай оқу бөліміне жалпы орта білім базасында мемлекеттік тапсырыс негізінде қабылданған 5 топқа білім беру бағдарламалары әзірленді:

06130100 - Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша):4S06130105 - Ақпараттық жүйелер технигі;

07110100 - Химиялық технология және өндіріс (түрлері бойынша):4S07110102 - Техник-технолог (түрлері бойынша);

07140100 -Технологиялық процесстерді автоматтандыру және басқару(бейін бойынша), 4S07140102 -Техник-электромеханик;

07240300 - Пайдалы қазбалар кен орындарын ашық қазу, 4S07240303 - Техник-технолог;

07240500 - Пайдалы қазбаларды байыту (кен байыту), 4S07240503 - Техник-технолог.

4) оқу нәтижелеріне бағдарланған оқу жоспарының барлық пәндері және (немесе) модульдері бойынша ұйым бекіткен жұмыс оқу бағдарламаларының болуы(қосымша 4.4.):

2020-2021 оқу жылында колледжге қабылдау жүргізілген барлық мамандықтың оқу жұмыс жоспарларындағы жалпы білім беретін,жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік және арнайы пәндерденҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 15 маусымдағы Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы№ 384 бұйрығы негізінде жаңартылған мазмұн бойынша оқу нәтижелеріне бағдарланған оқу бағдарламаларыәзірленіп, директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары тарапынан бекітілді.

2021-2022 оқу жылында колледжге қабылдау жүргізілген барлық мамандықтың оқу жұмыс жоспарларындағы жалпы білім беретін, жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер немесе модульдер бойынша оқу нәтижелеріне бағдарланған оқу бағдарламалары әзірленіп, директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары тарапынан бекітілді.

2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында барлық пәндер немесе модульдерден жұмыс оқу бағдарламалары ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығымен бекітілген нысанға сәйкес әзірленіп, жұмыс берушілермен келісілді.

2022-2023 оқу жылында колледжге қабылдау жүргізілген барлық мамандықтыңбілім беру бағдарламаларындағы жалпы білім беретінпәндер, базалық және кәсіптік модульдер бойынша жұмыс оқу бағдарламалары әзірленіп, колледж директоры тарапынан бекітілді.

5) білім алушылардың психофизикалық даму ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін (бар болса) жеке оқу жоспары мен арнайы оқу бағдарламасын іске асыру:

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында колледжде инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар жоқ.

б) міндетті жалпы білім беру пәндерінің тізбесі мен көлемінің, сондай-ақ қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыттар бойынша мамандық бейінін ескере отырып, оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлерінің пәндерінің сәйкестігі (қосымша 4.2.,4.3.):

2020-2021 оқу жылында техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының білім алушылары жаңартылған мазмұн бойынша жалпы білім беретін пәндердің оқу бағдарламаларын игеруге көшті.

Жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында колледжде оқытылатын барлық мамандық бойынша міндетті жалпы білім беретін пәндер: Қазақ тілі, Қазақ әдебиеті, Орыс тілі және әдебиеті, Шетел тілі, Математика, Информатика, Қазақстан тарихы, Өзін-өзі тану, Дене тәрбиесі, Алғашқы әскери және технологиялық дайындық.

2020-2021 оқу жылында жұмыс оқу жоспарларында жалпы білім беру пәндерін оқуға бөлінген оқу уақытының көлемі 1448 сағат. Жалпы білім беру пәндері 1,2 курстарды оқытылды. Математика пәнінен – 26 сағат, Физика пәнінен – 18 сағат 2 курста оқытылды.

2021-2022 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары «Талар» КЕАҚ сайтынан (kasipkor.kz) алынды.

2022-2023 оқу жылында барлық білім беру бағдарламаларында жалпы білім беру пәндері 1 курста ғана оқытылады. Бекітілген білім беру бағдарламаларында оқытылатын міндетті жалпы білім беретін пәндер: Қазақ тілі, Қазақ әдебиеті, Орыс тілі және әдебиеті, Шетел тілі, Математика, Информатика, Қазақстан тарихы, Дене тәрбиесі, және Алғашқы әскери және технологиялық дайындық. Дене тәрбиесі пәні бойынша теориялық оқыту кезеңінде аптасына кемінде 4 сағаттан жоспарланған.

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен «Өзін-өзі тану» пәні алынып тасталды. Жалпы білім беру пәндер модуліндегі «Өзін-өзі тану» пәніне бөлінген сағат көлемін осы модульдің басқа пәндеріне бөлу

ұсынылады. Осыған орай, Педагогикалық кеңестің шешімімен «Өзін-өзі тану» пәнінің 48 сағатын «Дене тәрбиесі» пәніне беру қабылданды. Себебі МЖМБС-ға сәйкес «Дене тәрбиесі» пәні аптасына 4 сағаттан кем болмауы керек деп көрсетілген, ал 1 курстарда «Дене тәрбиесі» пәніне жалпы 120 сағат берілген, ол аптасына 3 сағаттан ғана бөлінеді.

Қазіргі таңда колледжде мамандар дайындайтын 7 мамандық та жаратылыстану-математикалық бейінінде. 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында осы бағыт бойынша тереңдетілген оқыту деңгейіне жататын пәндерден: 144 сағаттан 2 пән: Физика және Химия пәндері, ал 72 сағаттан 2 пән: География және Дүниежүзі тарихы пәндері таңдап алынды.

7) бакалавриаттың білім беру бағдарламаларының жекелеген модульдерін немесе пәндерін қоса отырып, модульдерге интеграцияланған техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын зерделеу:

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында колледжде бакалавр біліктігі бойынша мамандар дайындалмауына байланысты бакалавриаттың білім беру бағдарламалары әзірленбеген.

8) жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық пәндерді немесе базалық модульдерді, сондай-ақ кәсіби модульдерді зерттеу (қосымша 4.2.,4.3.):

2020-2021 оқу жылында жұмыс оқу жоспарларындағы жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық және арнайы пәндер мамандықтардың біліктілігіне сәйкес енгізілген.

2021-2022 оқу жылында колледжде орта буын мамандарын даярлау кезінде білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін келесі базалық модульдер оқытылады:

1) дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру;

2) ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану;

3) экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану;

4) қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану.

Колледжде 2022-2023 оқу жылында 1 топ 07140100 - Технологиялық процестерді автоматтандыру және басқару (бейін бойынша) мамандығының 3W07140101 – Бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматикаға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь біліктілігі жұмысшы кадрларды дайындайды. Бұл білім беру бағдарламасында «Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану» модулі оқытылмайды.

Барлық мамандықтар бойынша кәсіптік модульдер қазіргі заманғы талаптарды ескере отырып, берілетін біліктілік бойынша еңбек функциялары мен кәсіби міндеттердің мазмұнына сәйкес енгізілген. Кәсіптік модульдерді колледж дербес айқындаған. Білім беру бағдарламаларында біліктілікті

меңгерудің практикалық тәжірибесін кеңейту мақсатында кәсіптік модульдер шеңберінде курстық жобалар енгізілген.

9) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы жүзеге асыру және өту (қосымша 4.9.):

Қаратау тау-кен техникалық колледжінде оқу және өндірістік практикалар ҚР Ғ және Б министрінің 2016 ж. 29 қаңтардағы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидаларын бекіту туралы» № 107 бұйрығы және «Қаратау тау-кен технологиялық колледжінде кәсіби практикаларды ұйымдастыру ережесі» қойған талаптарға сәйкес өткізіледі. Оқу және кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері мен мазмұны бекітілген оқу жұмыс бағдарламалары мен оқу жоспарларына сай белгіленеді.

Кәсіптік практиканың негізгі түрлері: оқу, өндірістік, технологиялық және диплом алдындағы болып табылады. Білім алушылардың кәсіптік практикадан өтуі кезінде білім беру ұйымынан және кәсіпорынан (ұйымнан) жетекшілер тағайындалады. Өндірістік практика қорытындылары бойынша білім алушы кәсіптік практиканың бағдарламасын орындағаны туралы жазбаша есепті және № 107 бұйрықта көрсетілген 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәсіптік практиканы өту туралы күнделік-есепті тапсырады.

Кәсіптік практиканың базасы ретінде колледждегі барлық мамандықтар бойынша кестеде көрсетілген кәсіпорындармен кәсіптік практикадан өту туралы шарттар жасалған.

Өндірістік практикаларды өту үшін төмендегі мекемелермен келісім-шарттар жасалды:

1. «Игілік» ШЖҚ КМК, Қаратау қаласы;
2. «Казфосфат» ЖШС филиалы, «Чулактау» ТКӨК, Қаратау қаласы;
3. «Талас аудандық электр желілері» ЖШС, Қаратау қаласы;
4. «Таза қала» ЖШС, Қаратау қаласы;
5. «Талас ЖОЛДАРЫ» ЖШС, Қаратау қаласы;
6. «Құрылыс-Жанар» ЖШС, Қаратау қаласы;
7. «Еврощебень» ЖШС, Қаратау қаласы;
8. «Talas Investment Company» ЖШС, Қаратау қаласы;
9. «Қаратау Про» ЖШС, Қаратау қаласы;
10. «Атамекен-Көктал-Мрамор» ЖШС, Қаратау қаласы;
11. «Пырақ құрылыс» ЖШС, Тараз қаласы;
12. «Қордай - Тау» ЖШС, Қордай ауылы;
13. «Қызыл - Тас» ЖШС, Қордай ауылы;
14. «Ақтас» ЖШС, Қордай ауылы.

Қаратау тау-кен технологиялық колледжінде дуалды оқыту технологиясы бойынша оқыту да жолға қойылған. Дуалды оқыту «Дуалды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығына сай

ұйымдастырылады. ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы «Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттардың және дуалды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы» № 93 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымы тарапынан өндіріс орнынан бекітілген тәлімгерлерге кәсіптік практиканы жүргізгендері үшін төлем ақы қарастырылған.

2020-2021 оқу жылында дуалды оқыту жүйесі бойынша оқытылып жатқан студенттердің кәсіптік практикаларына жетекшілік еткені үшін өндіріс орнынан бекітілген 2 тәлімгерге еңбек ақы төленді.

2021-2022 оқу жылында дуалды оқыту жүйесі бойынша оқып жатқан топтардың студенттеріне өндірістік практиканы жүргізгендері үшін өндіріс орнынан бекітілген 11 тәлімгерге еңбекақы төленді.

2021-2022 оқу жылында дуалды оқыту жүйесі бойынша оқып жатқан топтардың студенттеріне өндірістік практиканы жүргізгендері үшін өндіріс орнынан бекітілген 13 тәлімгерге еңбекақы төленді.

10) бақылаудың әр түрлері арқылы оқу нәтижелерінің жетістіктерін бағалауды жүргізу: үлгерімді ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау (қосымша 4.10.):

Колледжде білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының 2-қосымшасымен бекітілген үлгі қағидаларға сәйкес жүргізіледі.

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу әр мамандық бойынша колледждің оқу процесінің кестесіне сәйкес өткізіледі.

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау жүргізу нысандарын педагог оқу материалының мақсаты мен мазмұнын ескере отырып айқындайды.

Бақылау жұмыстары, сынақ пәнді және/немесе модульді зерделеуге бөлінген оқу уақыты есебінен, емтихандар аралық және/немесе қорытынды аттестаттауға бөлінген мерзімдерде жүргізіледі, барлық материалдар ЦӘК отырыстарында талқыланады және бекітіледі.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша және арнайы модульдер мен пәндер бойынша аралық аттестаттау кестеге сәйкес емтихандарды өткізуді көздейді.

Колледжде білім алушыларды қорытынды аттестаттау-тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу пәндерінің, оқу пәндерінің және модульдердің көлемін игеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім. Қорытынды аттестаттау барлық мамандықтар бойынша кәсіптік модульдердегі оқыту нәтижелеріне сәйкес өткізіледі.

Аралық және қорытынды аттестаттау қорытындылары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына 7-қосымша Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесінде бекітілген нысанға сәйкес рәсімделеді (қосымша 4.8).

2020-2021 оқу жылының қысқы емтихан сессиясының қорытындысы бойынша оқу үлгерімі мен білім сапасы туралы мәлімет төмендегі кестелерде көрсетілген.


Кесте 19

2020-2021 оқу жылының қысқы емтихан сессиясының қорытындысы

Топтар	Оқу жылының басындағы студенттер саны	Қорытынды аттестация тапсырғанда	Оның ішінде				Оқу үлгерімі %	Оқу сапасы %
			"5"	"4", "5"	"4", "3"	"2" а/н		
1ПҚБ-20	30	30	1	19	10	-	100	67
2ХТӨ-20	26	26	-	24	2	-	100	92
2ЭҚПҚ-19	28	28	2	12	10	-	99	50
2ПҚАҚ-19	27	26	2	16	4	-	100	69
3ПҚБ-18	7	7	-	3	4	-	100	43
4ПҚБ-17	10	10	-	6	4	-	100	60
4АБ-17	9	9	-	3	6	-	100	33
Барлығы	137	136	5	83		0	99	59

Кесте мәліметтеріне талдау жүргізетін болсақ, колледжде оқу жылының басында күндізгі бөлімде 137 студент болған, қысқы сынақ-емтихан сессиясына 136 студент жіберілген. Колледжде қысқы емтихан сессиясының қорытындысы бойынша оқу үлгерімі - 99%, ал білім сапасы – 59% құрап отыр. Оқу үлгерімі 2ХТӨ-20 тобында колледж бойынша ең жоғарғы көрсеткішті, яғни 92% көрсетіп отыр, ең төменгі көрсеткішті 4АБ-17 тобы, яғни 33 % көрсетіп отыр. Колледж бойынша қысқы емтихан сессиясының нәтижесінде 5 үздік студент, 83 екпінді және 1 үлгермеуші студент бар. Қысқы емтихан сессиясында 5 топта 14 пәннен онлайн емтихан өтті. Емтихан тапсыру барысында байланыстың нашар болуы себебінен 10 студент емтиханды қайта тапсырды. Себебі байланыс үзіліп студенттер емтихан уақытын аяқтамай шығып кеткен. 2ЭҚПҚ-19 тобының студенті Тоқмолда Раушан «Физикалық және коллоидты химия» пәнінен онлайн тапсырған емтихан нәтижесінде «қанағаттанарлықсыз» деген баға алып, емтиханды қайта тапсыруға рұқсат берілді.

2020-2021 оқу жылының қысқы емтихан сессиясының қорытындысы



2020-2021 оқу жылының 2 семестрінде ҚР білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» №345 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2020 жылдың 28 желтоқсанындағы №548 бұйрығына сәйкес осы оқу жылында қабылданған 2 топ: 1 ПҚБ-20 және 2ХТӨ-20 штаттық режимде оқыды. Топтар әр топта 15 баладан аспайтын шағын топтарға бөлініп, үзіліс уақыттары бір-біріне сәйкес келмейтін сабақ кестесі құрылды. Сабақ уақытының ұзақтығы 45 минут болды, үзіліс уақыты 10 және 15 минутты құрады. Топтарда жүргізілетін пәндердің 70% офлайн, қалған 30 онлайн форматта өтті. 1 ПҚБ тобында шет тілі, өзін-өзі тану, дене тәрбиесі пәндері, 2ХТӨ-20 тобында кәсіптік шет тілі, дене тәрбиесі, Электротехника электроника негіздерімен пәндері онлайн форматта өткізілді. Қалған 4 топта: 2ЭҚПҚ-19, 2ПҚАҚ-19, 3ПҚБ-18 және 4АБ-17 топтарында сабақтар онлайн форматта ЖамбылТиПО платформасы арқылы жүргізілді. ЖамбылТиПО платформасы Жамбыл облыстық білім басқармасымен жасалған келісім-шарттың бұзылуына байланысты 2021 жылдың 1 сәуірінен өз жұмысын тоқтатты. Онлайн форматта оқып жатқан топтардың сабақтары вацап, телеграмм, зум және т.б. желілер арқылы жүргізілді.

2020-2021 оқу жылының жазғы емтихан сессиясының қорытындысына талдау жүргізетін болсақ, колледжде 2 семестрдің аяғында күндізгі бөлімде 129 студент оқыды, жазғы сынақ-емтихан сессиясына 119 студент жіберілген. Колледжде жазғы емтихан сессиясының қорытындысы бойынша оқу үлгерімі - 100%, ал білім сапасы – 80% құрап отыр. Оқу үлгерімі 2ЭҚПҚ-19 тобында колледж бойынша ең жоғарғы көрсеткішті, яғни 88% көрсетіп отыр, ең төменгі көрсеткішті 1ПҚБ-20 және 3ПҚБ-18 топтарында, яғни 67 % көрсетіп отыр. Жазғы емтихан сессиясында 6 топта 13 пәннен емтихан болды. ЖамбылТиПО платформасының жұмыс істемеуіне байланысты барлық топта емтихандар офлайн форматта өткізілді. 2ХТӨ-20

тобының студенті Балжанов Ғамзат Әбдіразақұлы денсаулығына байланысты емтихандарға қатыса алмай, ата-анасының өтініші бойынша колледж директоры М.Джарылқаповтың рұқсатымен денсаулығы түзелген соң жеке тапсырды. Емтихан қорытындысы бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған студенттер жоқ. Белгіленген курстағы оқу жоспарының талаптарын толықтай орындаған, аралық аттестаттаудың барлық сынақтары мен емтихандарын табысты тапсырған күндізгі және сырттай оқу бөлімінің студенттерін келесі курсқа көшірілді.

2021-2022 оқу жылының қысқы емтихан сессиясының қорытындысы бойынша оқу үлгерімі мен білім сапасы туралы мәлімет төмендегі кестелерде көрсетілген.

Кесте 20

2021-2022 оқу жылының қысқы емтихан сессиясының қорытындысы

Топтар	Оқу жылының басындағы студенттер саны	Қорытынды аттестация тапсырғандар	Оның ішінде				Оқу үлгерімі %	Оқу сапасы %	Орташа балл
			үздік	екпінді	қанағаттанарлық	аттестатталмағандар			
1БҚ-21	22	22	-	13	9	-	100	59	3,6
1ХТӨ-21	20	20	-	5	15	-	100	25	3,2
2ПҚБ-20/1	25	25	-	19	6	-	100	76	3,8
2ПҚБ-20/2	11	10	-	2	8	-	100	20	3,2
3ХТӨ-20	24	24	-	15	9	-	100	62	3,6
3ЭҚПҚ-19	26	26	-	22	4	-	100	85	3,8
3ПҚАҚ-19	22	22	2	15	5	-	100	77	3,9
4ПҚБ-18	5	5	1	1	3	-	100	40	3,6
Барлығы	158	154	3	92	59			62	3,6

Кесте мәліметтеріне талдау жүргізетін болсақ, колледжде оқу жылының басында күндізгі бөлімде 158 студент болған, қысқы сынақ-емтихан сессиясына 154 студент жіберілген. Колледжде қысқы емтихан сессиясының қорытындысы бойынша оқу үлгерімі - 100%, білім сапасы – 62%, ал орта балл 3,6 құрап отыр. Оқу үлгерімі 3ЭҚПҚ-19 тобында колледж бойынша ең жоғарғы көрсеткішті, яғни 85% көрсетіп отыр, ең төменгі көрсеткішті 2ПҚБ-20/2 тобы, яғни 20 % көрсетіп отыр. Колледж бойынша қысқы емтихан сессиясының нәтижесінде 3 үздік студент, 92 екпінді және 59 «қанағаттанарлық» деген бағаға оқитын студент бар, үлгермеуші студент жоқ.

3ЭҚПҚ-19 тобының студенттері Тоқмолда Раушан мен Жалмұратов Арафат науқастанып, ауруханда стационарлық ем қабылдауларына байланысты «Химиялық өндірістің технологиялық процестерін автоматтандыру неіздері» пәнінен емтиханды қосымша кесте бойынша тапсырды. 3ПҚАҚ-19 тобының студенті Жумабеков Аңсат колледждің Ішкі

тәртіп еejесіне сәйкес 1 пәннен ғана қанағаттанарлық деген баға алуына байланысты «Жару жұмыстарының технологиясы мен қауіпсіздігі» пәнінен емтиханды қосымша кесте бойынша қайта тапсырды.

Кесте 21

2021-2022 оқу жылының I семестріндегі колледж оқытушыларының пән бойыншасапа, үлгерім және орташа балл көрсеткіштері

р/с	Аты-жөні	Сапа %				Үлгерім %				Орташа балл			
		I	II	III	Қ	I	II	III	Қ	I	II	III	Қ
1	Аханов Б.П.	52	80	73	70	100	97	100	100	3,5	3,8	3,8	3,6
2	Әлсеитов Д.Ә.	82	91	87	86	100	98	100	100	3,9	4,1	4,2	3,4
3	Бижуманова С.	57	71	77	77	100	100	100	100	4	3,8	4,4	4,4
4	Джарылқапов М.	40	60	80	80	100	100	100	100	3,6	3,6	4	4
5	Жузбаев Н.	77	79	82	81	97	95	99	100	3,8	3,8	4,0	4,0
6	Жұманов Қ.	53	80	67	67	100	100	100	100	4	4,4	4,2	4,2
7	Жұмабаева Қ.	51	48	54	53	100	100	100	100	3,5	3,5	3,4	3,4
8	Жумадилдаева М.	63	64	66	65	100	98	100	100	3,80	3,84	3,91	3,91
9	Қабылбекова З.	57	90	84	81	100	100	100	100	3,8	4,0	4,0	4,0
10	Кокушева М.	-	66	64	69	-	100	100	100	-	75	74	73
11	Кутпанбаева К.	38	49	61	56	100	100	100	100	3,1	3,2	3,2	3,3
12	Масжанова Ш.	76	46	60	75	100	100	100	100	79	76	78	75
13	Нарбеков С.	94	94	92	92	100	100	100	100	4,2	4,2	4,2	4,2
14	Орымбек А.О.	55	67	61	75	100	100	100	100	3,7	3,7	3,8	3,9
15	Смағұл А.	72	76	76	76	100	100	100	100	3,9	4,0	3,9	3,8
16	Сулейменова З.	50	50	64	53	100	100	100	100	55	56	63	57
17	Шапазылова А.	34	55	62	66	97	97	100	100	3,4	3,6	3,8	3,8
18	Шимырбаева А.У.	92	74	72	84	100	100	100	100	4,0	3,9	3,8	3,9

Кесте мәліметтеріне талдау жүргізетін болсақ, барлығы 18 оқытушының ішінде қысқы сессия қорытындысы бойынша ең төменгі сапа 53 % Орыс тілі мен әдебиеті және Математика пәндерінен оқытушылар Қ.Жұмабаева мен З.Сулейменова көрсетіп отыр, ал ең жоғары сапа көрсеткішін, яғни 92 % Дене тәрбиесі пәнінің оқытушысы С.Нарбеков көрсетіп отыр. Одан кейінгі жоғары көрсеткіш арнайы пән оқытушысы Д.Әлсеитовтің пәндері бойынша 86 %.

2021-2022 оқу жылының жазғы емтихан сессиясының қорытындысына талдау жүргізетін болсақ, колледжде оқу жылының басында күндізгі бөлімде 144 студент жазғы сынақ-емтихан сессиясына жіберілген. Колледжде жазғы емтихан сессиясының қорытындысы бойынша оқу үлгерімі - 100%, білім сапасы – 68%, ал орта балл 3,9 құрап отыр. Оқу үлгерімі ЗЭҚПҚ-19 тобында колледж бойынша ең жоғарғы көрсеткішті, яғни 85% көрсетіп отыр, ең төменгі көрсеткішті 2ПҚБ-20 тобы, яғни 46 % көрсетіп отыр. Колледж бойынша жазғы емтихан сессиясының нәтижесінде 4 үздік студент, 102 екпінді және 37 «қанағаттанарлық» деген бағаға оқитын студент бар, үлгермеуші студент жоқ.

Жазғы емтихан сессиясында 6 топта 14 пәннен емтихан болды. Математика және физика пәндерінен емтихан офлайн форматта өткізілді. Барлық басқа пәндерден емтихандар «Edu Page» платформасы арқылы онлайн форматта өткізілді.

2ПҚБ-20 тобының студенті Нурадинов Асет 2022 жылғы 23 мамырда әскер қатарына шықарылуына байланысты академиялық демалыс алды, жазғы емтихан сессиясын аяқтап, бірақ Оқу өндірістік шеберханадағы практикаға қатыспағаны үшін келесі курсқа көшірілмейді.

2022-2023 оқу жылының қысқы емтихан сессиясының қорытындысы бойынша оқу үлгерімі мен білім сапасы туралы мәліметке талдау жүргізетін болсақ, колледжде оқу жылының басында күндізгі бөлімде 292 студент болған, қысқы сынақ-емтихан сессиясына 287 студент жіберілген. Колледжде қысқы емтихан сессиясының қорытындысы бойынша оқу үлгерімі - 100%, білім сапасы – 77%, ал орта балл 76-ны құрап отыр. Оқу сапасы 1БҚ-22-1 тобында колледж бойынша ең жоғарғы көрсеткішті, яғни 100% көрсетіп отыр, ең төменгі көрсеткішті 3ПҚБ-20 тобы, яғни 71 % көрсетіп отыр. Колледж бойынша қысқы емтихан сессиясының нәтижесінде 12 үздік студент, 208 екпінді және 67 «қанағаттанарлық» деген бағаға аралық аттестаттау тапсырды, үлгермеуші студент жоқ.

2022-2023 оқу жылының I семестріндегі колледж оқытушыларының пән бойынша сапа, үлгерім және орташа балл көрсеткіштері мәліметтеріне талдау жүргізетін болсақ, барлығы 26 оқытушының ішінде қысқы сессия қорытындысы бойынша ең төменгі сапа Арнайы пән оқытушылары А. Шапазылова 74 % және З. Қабылбекова мен А. Орымбек 77% көрсетіп отыр, ал ең жоғары сапа көрсеткіштерін, яғни 100 % Дене тәрбиесі оқытушысы С.Нарбеков және Ағылшын тілі пәнінің оқытушысы Р. Торғаева көрсетіп отыр. Одан кейінгі жоғары көрсеткіш Орыс тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы С.Медербекқызы 99 % және Физика пәнінің оқытушысы Ш.Масжанова пәндері бойынша 98 %.

Кесте 22

2022-2023 оқу жылының қысқы емтихан сессиясының қорытындысы

Топтар	Оқу жылының басында ағыстуденттер саны	Аралық аттестат тауапырғандар	Оның ішінде				Оқу үлгерімі %	Оқу сапасы %	Орташа балл
			үздік	екпінді	қанағаттанарлық	Үлгермеушілер немесе аттестатталмағандар			
1БҚ-22-1	23	23	-	23	-	-	100	100	79
1БҚ-22-2	27	27		25	2		100	91	80
1ХТӨ-22	22	20	-	18	2	-	100	89	77
1ПҚБ-22	21	20	-	15	5	-	100	89	74
1ТПА-22	20	20	-	19	1	-	100	97	75
1ЭЖТ-22	26	25	-	18	7		100	93	76
1ПҚАҚ-22	16	17	-	13	4	-	100	84	75
2БҚ-21	21	20	4	8	8	-	100	78	79
2ХТӨ-21	20	20	1	12	7	-	100	89	79

ЗПҚБ-20	25	25	-	15	10	-	100	71	74
4ХТӨ-20	24	24	1	15	8	-	100	74	78
4ЭҚПҚ-19	25	25	2	17	6	-	100	85	4,1
4ПҚАҚ-19	22	22	4	11	7	-	100	79	4,3
Барлығы	292	287	12	208	67		100	77	76

11) білім алушылардың психофизикалық даму ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ТжКБ білім беру бағдарламасын ішінара немесе толық игеруді көздейтін инклюзивті білім беру жағдайында (сақталмаған интеллектісі бар адамдар болған кезде) ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды оқыту үшін әзірленген арнайы оқу бағдарламаларының болуы:

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында колледжде даму ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескеріп, ТжКБ білім беру бағдарламасын ішінара немесе толық игеруді көздейтін инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар жоқ.

12) білім алушылардың физикалық бұзушылықтары мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ТжКБ мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының негізінде инклюзивті білім беру жағдайында (сақталған интеллектісі бар адамдар болған кезде) ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды оқыту үшін әзірленген жеке оқу бағдарламалары мен жоспарларының болуы:

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында физикалық бұзушылықтары мен жеке мүмкіндіктерін ескеріп, колледжде ТжКБ білім беру бағдарламасын ішінара немесе толық игеруді көздейтін инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар жоқ.

Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

13) күндізгі оқу нысанындағы міндетті оқу жүктемесін, сондай-ақ факультативтік сабақтар мен консультацияларды қоса алғанда, аптасына білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сәйкестігі және сақталуы (қосымша 4.13):

Колледжде оқу үрдісін ұйымдастыру университет ректоры бекіткен оқу үрдісінің кестесі негізінде жүзеге асырылады. Оқу үрдісінің кестесі теориялық оқыту, аралық аттестаттау кезеңдерінен, каникулдардан, өндірістік оқыту және кәсіптік практикадан тұрады. Бітіруші курста оқу жылына дипломдық жобалау және қорытынды аттестаттау кезеңі енгізіледі. Күндізгі бөлімге арналған оқу үрдісінің кестесінде колледждің күндізгі бөлімінде оқитын барлық топтың теориялық оқыту, аралық аттестаттау, каникулдар және әртүрлі практикалардың мерзімдері көрсетілген. Жалпы барлық топтарда оқу жылы 40 аптаны құрайды. Мемлекеттік жалпыға

міндетті білім беру стандарттарына сәйкес студенттердің міндетті оқыту бойынша апталық сағат жүктемесі 36 сағаттан кем емес, ал факультативтер аптасына 4 сағаттан аспайды. Сабақ кестесі күндізгі бөлімінде оқитын барлық топ бойынша 1 және 2 семестрлерге оқытушылардың оқу жүктемесіне сәйкес жасалды.

2020-2021 оқу жылына күндізгі оқытутүрі бойынша оқу үрдісінің кестесі 7 академиялық топқа, 2021-2022 оқу жылына да күндізгі оқыту түрі бойынша оқу үрдісінің кестесі 7 академиялық топқа әзірленді. 2022-2023 оқу жылына күндізгі оқыту түрі бойынша оқу үрдісінің кестесі 13 топқа әзірленді.

14) міндетті оқытуға арналған оқу уақытының көлемін сақтау:

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына бекітілген оқу жұмыс жоспарларында міндетті оқытуға арналған оқу уақытының көлемі Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына және мамандықтардың бюджет уақытының есебіне сәйкес әрбір оқу жылына арналған міндетті оқу уақытының көлемі 60 кредитті/1440 сағатты құрайды. Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің көлемі аптасына 36 сағатты, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім берудің жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес мамандықтар бойынша жоспарланған факультативтік сабақтар мен консультацияларды құрайды.

Білім алушының оқу жүктемесінің көлемі әр-бір модуль немесе оқу жұмысының басқа түрлері бойынша меңгеретін оқу нәтижелері бойынша кредитпен/сағатпен өлшенеді: 1 кредит 24 академиялық сағатқа, 1 академиялық сағат 45 минутқа тең.

2 семестрінде ҚР білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» №345 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2020 жылдың 28 желтоқсанындағы №548 бұйрығына сәйкес осы оқу жылында қабылданған 2 топ: 1 ПҚБ-20 және 2ХТӨ-20 штаттық режимде оқыды. Топтар әр топта 15 баладан аспайтын шағын топтарға бөлініп, үзіліс уақыттары бір-біріне сәйкес келмейтін сабақ кестесі құрылды. Сабақ уақытының ұзақтығы 45 минут болды, үзіліс уақыты 10 және 15 минутты құрады. Топтарда жүргізілетін пәндердің 70% офлайн, қалған 30 онлайн форматта өтті. 1 ПҚБ тобында шет тілі, өзін-өзі тану, дене тәрбиесі пәндері, 2ХТӨ-20 тобында кәсіптік шет тілі, дене тәрбиесі, Электротехника электроника негіздерімен пәндері онлайн форматта өткізілді. Қалған 4 топта: 2ЭҚПҚ-19, 2ПҚАҚ-19, 3ПҚБ-18 және 4АБ-17 топтарында сабақтар онлайн форматта ЖамбылТиПО платформасы арқылы жүргізілді. ЖамбылТиПО платформасы Жамбыл облыстық білім басқармасымен жасалған келісім-шарттың бұзылуына байланысты 2021 жылдың 1 сәуірінен өз жұмысын тоқтатты. Онлайн форматта оқып жатқан

15) білім алушының әрбір пән және (немесе) модуль немесе оқу жұмысының басқа түрлері бойынша меңгерген оқу нәтижелері бойынша оқу жүктемесінің көлемін сақтау:

әрбір пән және (немесе) модуль, немесе оқу жұмысының басқа түрлері бойынша меңгеретін оқыту нәтижелері бойынша білім алушының оқу жүктемесінің көлемін сақтау:

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында білім алушының оқу жүктемесінің көлемі әрбір пән және (немесе) модуль немесе оқу жұмысының басқа түрлері бойынша меңгеретін оқыту нәтижелері бойынша кредитпен/сағатпен өлшенеді. 1 кредит 24 академиялық сағатқа, 1 академиялық сағат 45 минутқа тең.

16) кешкі оқу нысаны үшін міндетті оқу сабақтарының оқу уақытының көлемін кемінде 70 %, сырттай оқу нысаны үшін-күндізгі оқу нысаны үшін көзделген оқу уақытының тиісті көлемінің кемінде 30% сақтау:

Міндетті оқу сабақтары уақытының көлемі сырттай оқу нысаны үшін күндізгі оқыту нысанына көзделген тиісті оқу уақыты көлемінен 30% құрайды(қосымша 4.16).

17) Ұлттық біліктілік шеңберінің, салалық біліктілік шеңберінің және кәсіптік стандарттардың дескрипторларымен айқындалатын білім алушылардың даярлық деңгейіне өлшемшарттар:

Колледждің білім берудегі талаптары ұлттық біліктілік шеңберінің, салалық біліктілік шеңберлерінің және кәсіптік стандарттардың дескрипторларымен айқындалатын білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар ұлттық біліктілік шеңберінің, салалық біліктілік шеңберлерінің, кәсіптік стандарттар дескрипторларымен айқындалады және қол жеткізілген оқыту нәтижелерінен байқалатын меңгерілген негізгі құзыреттерді көрсетеді.

Дескрипторлар даярлаудың мынадай деңгейлеріне қол жеткізген кезде білім алушылардың қабілеттерін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді:

- білікті жұмысшы кадрларды даярлау кезінде: қойылған міндеттерге сүйене отырып, белгілі бір еркіндік үлесімен іс-әрекет жүргізу, базалық, жалпы білім беретін және практикаға бағдарланған кәсіби білімді қолдану, стандартты және қарапайым бір типті практикалық міндеттерді шешу, білім мен практикалық тәжірибе негізінде белгілі әрекет тәсілдерін таңдау, алынған нәтижелерді ескере отырып қызметті түзету;

- орта буын мамандарын даярлау кезінде: маңызды әлеуметтік және этикалық аспектілерді ескере отырып, басқалардың стандартты жұмысына басшылық жасау, өзінің оқуы мен басқаларды оқытуға жауапты болу, қызметті және практикалық тәжірибені жүзеге асыру үшін кәсіби (практикалық және теориялық) білімді қолдану, жұмыс жағдайын және оның болжамды өзгерістерін дербес талдауды талап ететін кең спектрдің типтік практикалық міндеттерін шешу, қызметті жүзеге асырудың технологиялық

жолдарын таңдау, ағымдағы және қорытынды бақылау жүргізу, қызметті бағалау мен түзету.

18) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын игеру мерзімдерін сақтау өлшемшарттары:

Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын игеру мерзімдері біліктіліктердің күрделілігіне және/немесе санына байланысты және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының модельдеріне сәйкес көзделген кредиттер/сағаттардың көлемімен айқындалады(қосымша 4.18).

Колледжде оқытылатын мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу кезінде МЖМБС-ны басшылыққа алып, кредиттік оқыту технологиясы кезінде міндетті оқу кредиттерінің саны сақталды:

- негізгі орта білім базасында жұмысшы біліктіліктерін игеру үшін 180 кредит;

- негізгі орта білім базасында орта буын маманы біліктілігін игеру үшін 240 кредит.

5. Оқу-материалдық активтер:

1) Ғимарат туралы мәлімет (*ғимарат типі, салынған жыл, жобалық қуаты, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарға қажеттілік және т.б.*):

Колледжде оқу жұмыстарын жүргізуге келесі материалдық-техникалық база пайдаланылады:

1. Оқу корпусы жобалық қуаты 670 орындық, көлемі 3706,31 ш.м.;
2. Жабық спорт кешені көлемі 713 ш.м. (үлкен зал, күрес залы, қол күрес залы, гимнастикалық залы), ғимарат 2019 жылы күрделі жөндеуден өтті;
3. Жаздық спорт алаңы 918 ш.м (баскетбол, волейбол және футбол ойындарына арналған алаңдар, биіктікке және ұзындыққа секіретін арналған жабдықтар, жүгіретін жолдар, гимнастикалық алаң);
4. Жобалық қуаты 177 орындық төрт қабатты көлемі 1832 ш.м. жатақхана;
5. 30 орындық буфет;
6. Алғашқы көмек көрсетуге арналған қажетті құралдармен жабдықталған медициналық кабинет - 18 м²;
7. Психолог кабинеті - 9 м²;
8. 30 компьютер және 3 интерактивтік тақтамен жабдықталған, интернет желісіне қосылған 3 компьютерлік класс;
9. 50 орындық оқу залы бар, көлемі 238 ш.м. құрайтын кітапхана жұмыс істейді. Қазіргі таңда кітапхана қоры 26255 дана кітапты құрайды.

2) Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кемінде 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы мәліметтер (кабинеттер, лекциялық аудиториялар, практикалық дәрістерге арналған үй-жайлар, зертханалар, нақты біліктіліктер, мамандықтар бойынша шеберханалар, акт және дене шынықтыру залдары, әлеуметтік-тұрмыстық және өзге мақсаттағы (өткізу пункттері, санитарлық тораптар (унитаз, жуынатын раковиналар), білім беру ұйымының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы, тұру үшін жағдайлардың болуы):

Сапалы оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру және өткізу үшін колледжде жақсы материалдық база құрылған. Оқу кабинеттерінің саны – 25, оның ішінде Жалпы білім беру пәндеріне арналған 10 кабинет, арнайы пәндерге арналған 15 кабинет, 8 зертхана және 4 шеберхана бар. Колледж аумағында барлығы 28 камера бар: сыртқы -12 камера, ішкі – 16 камера.

Колледжде заманауи компьютерлермен жабдықталған 3 ақпараттық-компьютерлік сынып бар. 3 интерактивті тақтамен және 2 мультимедиялық проекторлармен жабдықталған аудиториялар бар.

Практикалық-зертханалық жұмыстарды жүргізу үшін келесі зертханалық кабинеттер мен шеберханалар бар:

- «Аналитикалық химия және химиялық талдау әдістері» зертханасы;
- «Физика-химиялық талдау әдістері және өндірісті техникалық бақылау» зертханасы;
- «Экология, қоршаған ортаны қорғау және пайдалы қазбаларды байыту» зертханасы;
- Слесарлық-механикалық шеберхана;
- Токарлық-слесарлық шеберхана;
- Ұйымдастыру техникасын жөндеу шеберханасы;
- Құбыр дайындау - дәнекерлеу шеберханасы;
- «Электр аспаптары мен электр аппараттарына қызмет көрсету және жөндеу» зертханасы;
- «Тау-кен өнеркәсібі машиналары бөлшектері» зертханасы.

Кесте 23

Аудиторлық фонд			
		Аудитория саны	Орын саны
1	Дәріс залы	1	125
2	Практикалық және семинар сабақтар өткізу аудиториясы	3	150
3	Оқу-зерттеу лабораториясы	3	45

4	Оқу-машықтану полигоны	2	-
5	Компьютерлік кластар	3	30
6	Оқу залы	1	54
7	Мультимедиялық кабинет	2	80
8	Ғылыми-әдістемелік кабинеттер	1	-
9	«Рухани жаңғыру» мәжіліс залы	1	20

Дене шынықтыру және салауатты өмір салтын қалыптастыру сабақтарын өткізу үшін жабық спорт кешенінде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді және спорттық құрал-жабдықтармен жабдықталды. Жабық спорт кешенінің құрамында бар:

- спорт ойындарына арналған зал;
- күрес залы;
- гимнастика залы;
- жаттығу залы.

Сонымен қатар колледжде жалпы ауданы 918 м² жазғы спорт кешені бар.:

- шағын футбол алаңы;
- баскетбол (волейбол) алаңы;
- гимнастикалық қалашық;
- швед қабырғасы;
- екпеден ұзындыққа секіруге арналған орын;
- 60, 100 м жүгіру жолы.

Бастапқы әскери даярлықпен айналысу үшін қару бөлмесі, плац, кабинет талаптарға сәйкес ресімделген.

Колледжде жалпы ауданы 1831,9 м² 177 орындық 4 қабатты жатақхана жұмыс істейді. Жатақханада студенттердің тұруына қажетті жағдайлар жасалған. Жатақханаға себезгі бөлмесі, кітапхана, инвентарьмен жабдықталған спорт кабинеті, демалыс бөлмесі, кір жуатын бөлме және ас үй бар. Тұрмыстық бөлмелер СЭС талаптарына сәйкес барлық қажетті жиһазбен жабдықталған. Оқушылардың демалыс бөлмесінде теледидар, компьютер орнатылған. Ас үйде электр плиталары орнатылған. Колледж жатақханасы 18 бейнебақылау камераларымен (6 - сыртқы, 12- ішкі) қамтамасыз етілген.

6. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор:

1) Білім алушылар контингентіне қатысты жұмыс оқу жоспарына сәйкес, оның ішінде оқыту тілдері бойынша, мамандықтың дайындалатын біліктіліктері бойынша оқудың толық кезеңіне арналған оқу және ғылыми әдебиеттердің кітапхана қорының болуы туралы мәліметтер:

Кітапхананың жалпы кітап қоры 26255 кітапты құрайды, оның ішінде оқу құралдары 20670 дана, оқу әдістемелік кешен 101, мемлекеттік тілдегі оқу құралдары 3597 дана. Соңғы жылдары «Рухани жаңғыру» жобасы аясында «Қазақ тілінде 100 жаңа кітап» негізінде көптеген кітаптар алынды. Колледж оқытушылары мен студенттеріне Дулати университетінің электрондық кітапханасының қорын сайт арқылы пайдалану мүмкіндігі бар ECAT.tarsu.kz.

Есепті кезеңде колледж кітапханасына алынған кітаптар саны

№	Сатып алынған жыл	Аттары	Экземпляр	Сомасы
1	2019	30	31	66995,50
2	2020	166	385	719293,00
3	2021	108	481	427445,20
	Барлығы	304	897	1213733,7

Кітапхана қызметі

Оқу жылы	Кітапхана қоры	Кітап саны	Оқырман саны	Келу саны	Кітап беру
2020-2021	25855	25334	80	930	1451
2021-2022	25887	25357	101	716	1210
2022-2023	26255	25561	104	507	950

М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің ресми сайты - info@dulaty.kz. Осы аталған сайтта колледжге бір парақша арналған. Парақшада келесі ақпаратты қамтиды: колледж туралы жалпы ақпарат, әкімшілік, колледж мамандықтары, практика базалары, оқытушылар мен студенттердің жетістіктері, колледж басшылығының байланыс құралдары.

Колледжде quant.tarsu.kz электрондық құжат айналым ақпараттық жүйесі және [public](http://public.tarsu.kz) құжат айналым ақпараттық жүйесі жұмыс жасайды. Қазіргі таңда колледж әкімшілігі тарапынан шығарылған бұйрықтар осы жүйе арқылы жүргізіледі. PUBLIC жүйесі университет пен колледж ішіндегі арнайы желіге қосылған компьютерлерге қол жетімді құжат айналымның бір түрі.

2) Компьютерлік сыныптармен, интернет желісіне қосылған компьютерлермен жарақтандыру туралы мәліметтер.

30 компьютер және 3 интерактивтік тақтамен жабдықталған, интернет желісіне қосылған 3 компьютерлік класс.

7. Білім алушылардың білімін бағалау:

Білім алушыларды қорытынды және қайта қорытынды аттестаттау нәтижелерін талдау:

Есептегі кезеңдегі оқу жылдары білім алушылардың үлгеріміне аралық және қорытынды аттестаттау ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы

18 наурыз «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидалары» №125 бұйрығы басшылыққа алынып жүзеге асырылды.

Бітіруші курс студенттерін қорытынды аттестаттау оқу процесінің кестесінде көрсетілген мерзімде және мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен белгіленген оқу жұмыс жоспарларының нысандары бойынша жүргізілді. Қорытынды аттестаттау комиссиясының жұмыс кестесі жасалып, бекітілді. Қорытынды аттестаттау комиссияларының құрамы 65%-35% арақатынасын сақтап, қорытынды аттестаттауды өткізуге бір ай қалғанда құрылып, университет ректорының бұйрығымен бекітілді.

2020-2021 оқу жылының оқу үрдісінің кестесіне сәйкес колледждің күндізгі және сырттай оқу бөлімінің академиялық қарызы жоқ және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің МЖМБС талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын толық көлемде меңгерген білім алушылар қорытынды аттестаттауға жіберілді: күндізгі оқу бөлімінен – 17 студент, сыртқы оқы бөлімінен – 36 студент.

2020-2021 оқу жылында Қорытынды аттестаттау комиссиясының шешімімен күндізгі оқу бөлімінде ақылы негізде 1302000 – «Автоматтандыру және басқару» мамандығында 6 студент, 0709000 – «Пайдалы қазбаларды байыту» мамандығында 10 студент бітірді. Қорытынды аттестаттау нәтижесінде мамандық бойынша дипломдық жобаларды қорғау кезінде жоғарыда аталған мамандықтар студенттерінің теориялық білім деңгейі және практикалық дайындықтары жақсы болды. Мамандықтардың оқу жоспарының талаптарын толықтай орындаған, қорытынды аттестаттауды табысты тапсырған күндізгі және сырттай оқу нысандарының бітіруші курс студенттеріне аттестаттау комиссияларының шешімдерімен тиісті біліктілігі беріліп, мемлекеттік үлгідегі дипломдар тапсырылды.

2020-2021 оқу жылында Қорытынды аттестаттау комиссиясының шешімімен сырттай оқу бөлімінде келесі мамандықтар бойынша: 0515013- «Менеджмент» мамандығында – 3 студент, 0706000-«Пайдалы қазбалар кен орындарын ашық өңдеу» мамандығында - 1 студент, 1302000- «Автоматтандыру және басқару» мамандығында – 3 студент, 1305000- «Ақпараттық жүйе» мамандығында – 3 студент, 0816000-«Химиялық технология және өндіріс» мамандығында – 1 студент, 0709000-«Пайдалы қазбаларды байыту» мамандығында – 7 студент, 0902000-«Электрмен қамтамасыз ету» мамандығында – 3 студент, 0707000-«Тау-кен электромеханикалық жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу» мамандығында – 4 студент және 0809000-«Мұнай және газ кен орындарын пайдалану» мамандығында – 7 студент бітірді.

2020-2021 оқу жылында Қорытынды аттестаттау комиссиясының шешімімен оқудың теориялық курсы толық аяқтаған, бірақ дипломдық жобасын қорғамаған бітіруші курс студенттері дипломдық жобасының тақырыбы сақталып, 3 жылға дейін қайта қорғау құқығы беріліп, оқудан

шығарылды: күндізгі оқу бөлімінен 1302023-«Автоматтандыру және басқару (салалар бойынша)»4АБ-17 тобының студенті - Қуатбек Ә. және сырттай оқу бөлімінен0902033-«Электрмен қамтамасыз ету» мамандығы4ЭҚ-18 тобының студенттері: Ахметкулов А., Жанқараев В., Малдыбеков Ә., 0809223-«Мұнай және газ кен орындарын пайдалану» мамандығы4 МГОП-18 тобының студенті Данияров М.

2021-2022 оқу жылында мамандықтардың оқу жұмыс жоспарларына сәйкес міндетті оқыту курсы толтырылды. Қорытынды аттестаттауға жіберілді. Қорытынды аттестаттау комиссиясының жұмысы кезінде 0709000 - Пайдалы қазбаларды байыту, 0816000 - Химиялық технология және өндіріс мамандықтары бойынша: 10 студент дипломдық жобаларын қорғады және 10 студент те «жақсы» деген бағаға лайық деп танылды. Мамандық бойынша дипломдық жобаларды қорғау кезінде жоғарыда аталған мамандықтар студенттерінің теориялық білім деңгейі және практикалық дайындықтары жақсы болды.

Қорытынды аттестаттау комиссиясының жұмысы кезінде 1302000 - Автоматтандыру және басқару, 1305000 - Ақпараттық жүйелер мамандықтары бойынша 7 студент дипломдық жобаларын қорғады және 7 студент те «жақсы» деген бағаға лайық деп танылды. Мамандық бойынша дипломдық жобаларды қорғау кезінде жоғарыда аталған мамандықтар студенттерінің теориялық білім деңгейі және практикалық дайындықтары жақсы болды. Атап айтар болсақ бітірушілер Аскиев Самат Бағдатович, Қуатбек Әлімжан Меирбекұлы жақсы білім деңгейімен және нақты шешімдер қабылдай алатындықтарын көрсетті.

Қорытынды аттестаттау комиссиясының жұмысы кезінде 0515000 - Менеджмент мамандығы бойынша 2 студенттен кешенді емтихан қабылданды және 2 студент те «жақсы» деген бағаға тапсырды. Мамандық бойынша кешенді емтихан қабылдау кезінде жоғарыда аталған мамандық студенттерінің теориялық білім деңгейі және практикалық дайындықтары жақсы болды. Атап айтар болсақ бітіруші Құлмағанбет Айназ жақсы білім деңгейімен және нақты шешімдер қабылдай алатындығын көрсетті.

Қорытынды аттестаттау комиссиясының шешімімен қорытынды аттестаттауға жіберілген колледждің күндізгі оқу бөлімінің – 5 және сырттай оқу бөлімінің – 14 бітіруші курс студентіне тиісті біліктіліктері беріліп, мемлекеттік үлгідегі дипломдар тапсырылды.

1231000 – «Экологиялық қондырғыларды пайдалану және қызмет көрсету» мамандығы бойынша біліктілік емтиханына барлығы 25 студент жіберілген. Олардың ішінде 3 студент емтиханға келмеу себебімен біліктілік алмайды. 22 студент «Химиялық су тазарту аппаратшысы» біліктілігі бойынша емтихан тапсырды, оның ішінде 13 студент «өте жақсы» деген бағаға және 9 студент «жақсы» деген бағаға лайық деп танылды.

Біліктілік емтихан тапсыру барысында жоғарыда аталған мамандық студенттерінің теориялық білім деңгейі және практикалық дайындықтары жақсы болды. Атап айтар болсақ Рахым Алина Ерикқызы, Несіпбай Назым

Бақтиярқызы және Құрманәлі Аяулым Аманғалиқызы өте жақсы білім деңгейін көрсетті.

8. Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы:

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау:

Колледж студенттері барлығы 7 мамандық бойынша 163 бітіруші. Оның сауалнамаға қатысқаны 163 (100%). Сауалнама келесі мамандықтар бойынша алынды:

1231000 – «Экологиялық қондырғыларды пайдалану және қызмет көрсету» мамандығы бойынша бітіруші топтарда 25 студент. Сауалнамаға қатысқан респонденттер саны - 25. Сауалнамаға қатысу деңгейі - 96%.

0706000 – «Пайдалы қазбаларды ашық түрде қазу» мамандығы бойынша бітіруші топтарда 22 студент. Сауалнамаға қатысқан респонденттер саны - 22. Сауалнамаға қатысу деңгейі - 92%.

0709000 – «Пайдалы қазбаларды байыту» мамандығы бойынша бітіруші топтарда 24 студент. Сауалнамаға қатысқан респонденттер саны - 24. Сауалнамаға қатысу деңгейі - 91%.

06130100 – «Бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша бітіруші топтарда 18 студент. Сауалнамаға қатысқан респонденттер саны - 18. Сауалнамаға қатысу деңгейі - 99%.

07130700 – «Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы бойынша бітіруші топтарда 25 студент. Сауалнамаға қатысқан респонденттер саны - 25. Сауалнамаға қатысу деңгейі - 94%.

07140100 – «Технологиялық процесстерді автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша бітіруші топтарда 25 студент. Сауалнамаға қатысқан респонденттер саны - 25. Сауалнамаға қатысу деңгейі - 98%.

0816000 - «Химиялық технология және өндіріс» (түрлері бойынша) мамандығы бойынша бітіруші топтарда 24 студент. Сауалнамаға қатысқан респонденттер саны - 24. Сауалнамаға қатысу деңгейі - 97%.

Жалпы орта есеппен алғандареспонденттердің 96% көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанған.

Колледж оқытушыларынан алынған сауалнама нәтижелерін талдау:

Колледж оқытушыларының жалпы саны – 27. Сауалнамаға жауап берген 27 оқытушы. Сауалнамаға қатысу үлесі 100% құрады. Сауалнама келесі мамандықтар бойынша алынды:

0706000 «Пайдалы қазбаларды ашық түрде қазу»

0709000 «Пайдалы қазбаларды байыту (кен өңдеу)»

0816000 «Химиялық технология және өндіріс (түрлері бойынша)»

1231000 «Экологиялық қондырғыларды пайдалану және қызмет көрсету»

1302000 «Автоматтандыру және басқару (салалар бойынша)»

1305000 «Ақпараттық жүйелер (қолдану облысы бойынша)»

07130700 - Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша)

Оқытушылар сауалнамасының нәтижелерін талдау қорытындысы мамандықтар бойынша:

0706000 - «Пайдалы қазбаларды ашық түрде қазу» мамандығы, оқытушылар саны -13, сауалнамаға қатысқан 13 оқытушы, қатысу үлесі 100%. Колледж педагогтерінің сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жасалған жағдаймен қанағаттану деңгейі - 98,5%.

0709000 - «Пайдалы қазбаларды байыту» (кен өңдеу) мамандығы, оқытушылар саны – 13, сауалнама қатысқан 13 оқытушы, қатысу үлесі 100%. Колледж педагогтерінің сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жасалған жағдаймен қанағаттану деңгейі - 96 %.

0816000 - «Химиялық технология және өндіріс (түрлері бойынша)» мамандығы, оқытушылар саны – 12, сауалнама қатысқан 12 оқытушы, қатысу үлесі 100%. Колледж педагогтерінің сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жасалған жағдаймен қанағаттану деңгейі – 98,9 %.

1231000 - «Экологиялық қондырғыларды пайдалану және қызмет көрсету» мамандығы, оқытушылар саны – 11, сауалнама қатысқан 11 оқытушы, қатысу үлесі 100%. Колледж педагогтерінің сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жасалған жағдаймен қанағаттану деңгейі - 96 %.

1302000 - «Автоматтандыру және басқару (салалар бойынша)» мамандығы, оқытушылар саны – 11, сауалнама қатысқан 11 оқытушы, қатысу үлесі 100% Колледж педагогтерінің сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жасалған жағдаймен қанағаттану деңгейі – 94,4 %.

1305000 - «Ақпараттық жүйелер (қолдану облысы бойынша)» мамандығы, оқытушылар саны – 12, сауалнама қатысқан 12 оқытушы, қатысу үлесі 100% Колледж педагогтерінің сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жасалған жағдаймен қанағаттану деңгейі - 98 %.

07130700 – «Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» (түрлері және салалары бойынша) мамандығы, оқытушылар саны – 7, сауалнама қатысқан 7 оқытушы, қатысу үлесі 100%. Колледж педагогтерінің сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жасалған жағдаймен қанағаттану деңгейі – 97,4 %.

Оқытушылардың колледждегі сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жасалған жағдаймен қанағаттану деңгейі 97,02 % құрайды.

Жұмыс берушілер, кәсіптік практика базалары басшыларының сауалнама нәтижелерін талдау:

Колледж білім алушыларының құзыреттілік деңгейіне қанағаттану көрсеткішін анықтау мақсатында жұмыс берушілер, кәсіптік практика базаларының басшыларына сауалнама жүргізілді.

Сауалнамаға жалпы 6 мамандық бойынша 7 жұмыс беруші, практика базаларының басшылары қатысты. Төмендегі мамандықтар бойынша алынды:

1302000 - «Автоматтандыру және басқару» (салалар бойынша) мамандығы бойынша Жұмыс берушілер сауалнама нәтижесі – 100%.

1231000 – «Экологиялық қондығыларды пайдалану және қызмет көрсету» мамандығы бойынша Жұмыс берушілер сауалнама нәтижесі - 99%.

1305000 – «Ақпараттық жүйелер» (түрлері бойынша) мамандығы бойынша Жұмыс берушілер сауалнама нәтижесі - 100%.

0816000 – «Химиялық технология және өндіріс» (түрлері бойынша) мамандығы бойынша Жұмыс берушілер сауалнама нәтижесі - 99%.

0709000 – «Пайдалы қазбаларды байыту» (кен өңдеу) мамандығы бойынша Жұмыс берушілер сауалнама нәтижесі - 99%.

0706000 – «Пайдалы қазбаларды ашық түрде қазу» мамандығы бойынша Жұмыс берушілер сауалнама нәтижесі - 100%.

Жұмыс берушілер мен практика базаларының жетекшілерінің пікірі бойынша колледждегі білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттану көрсеткіші - 99% құрады.

9. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары:

Комиссияның өзін-өзі бағалау жұмыстарын өткізу кезінде келесі кемшіліктер анықталды:

1. 07240900 - Мұнай және газ кен орындарын пайдалану, 07321100 - Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің инженерлік жүйелерін монтаждау және пайдалану мамандықтары бойынша материалдық-техникалық базалары төмен.

2. Колледжде барлығы 13 мамандық 15 біліктілікке лицензияға қосымшалар алынған. Қазіргі таңда күндізгі және сырттай оқу бөлімдерінде 7 мамандық бойынша мамандар дайындалады. Қалған 6 мамандық бойынша мамандар дайындалмайды және соңғы 3-4 жылда күндізгі бөлімге студенттер қабылданбаған.

4. Өндірістен жоғары білікті кадрларды тұрақты жұмысқа тарту деңгейі төмен.

Кемшіліктер мен ескертулерді шешу жолдары:

1. 07240900 - Мұнай және газ кен орындарын пайдалану, 07321100 - Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің инженерлік жүйелерін монтаждау және пайдалану мамандықтары бойынша лабораториялар мен шеберханаларды заманауи жабдықтармен жабдықтау;

2. Колледжге оқытушылық қызметке өндіріс орындарынан тартылған мамандар санын арттыру.

3. Ақпараттық құралдарды жаңарту, интерактивті тақталардың санын арттыру.

4. Колледжге студенттерді көптеп тарту үшін «колледж-университет» бағытында оқу мерзімі қысқартылған интеграцияланған білім беру бағдарламаларын әзірлеуді жоспарлап отырмыз. Бұл біздің колледждің басқа

колледждерден артықшылығы болып табылады. Интеграцияланған білім беру бағдарламаларын төмендегі мамандықтар бойынша әзірлеуді ұсынамын:

1. 07110100 - Химиялық технология және өндіріс (түрлері бойынша);
2. 07140100 - Технологиялық процесстерді автоматтандыру және басқару (бейін бойынша);
3. 07240300 - Пайдалы қазбалар кен орындарын ашық қазу.

10. Қорытындылар мен ұсыныстар:

Мемлекеттік аттестаттау рәсімі шеңберінде Қаратау тау-кен технологиялық колледжінде 2022 жылғы 2 желтоқсанда кезектен тыс Педагогикалық кеңес өткізілді. Педагогикалық кеңестің шешімімен өзін-өзі бағалауды жүргізетін комиссия құрамы бекітіледі.

Өзін-өзі бағалаудың қорытынды есебінде техникалық және кәсіптік білім берудің нормативті құқықтық актілері бойынша колледж қызметінің үш жылдық кезеңдегі барлық бағыттар бойынша сәйкестігі карастырылды. Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығына 3,4-қосымшаларға сәйкес білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары қолданылып бағаланған 66 балл білім беру қызметтері сапасының «жақсы» деген бағасына сәйкес болып табылады (Қосымша 7).

Қаратау тау-кен технологиялық колледжінде бітіруші курс білім алушыларының біліктілікке қойылатын талаптарға сәйкестігін бағалау сауалнамалар түрінде өтті, қатысу 100%-ды құрады. Өзін-өзі бағалау нәтижелері педагогикалық кеңестің отырыстарында талқыланды.

Есепте колледж қызметінің әр стандартқа және өлшемдерге сәйкестігін талдау нәтижелері келтіріледі.

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:



М. Джарылкапов

С. Бижуманова
А. Орымбек
Н. Дуримбетов
А. Шапазылова
З. Кабылбекова
А. Смағұл
Б. Искакова